If we choose a macroscopic viewpoint to observe changes in museum operation through the “New Museology Movement” in 1980s in Europe and United States, its not hard to notice that museums distracted attention from collections and culture relics as their main engine to emphasize the importance of audience experience instead. Administrative staffs began to improve visitor experience and promoting the humanized facilities. If the concentric circle theory of cultural and creative industries is applied to museums, then take museum collections as the core point of the circle, the first circle could includes relevant works of basic museum purposes and museum industry, such as research, education, visit and collection. The second circle should be the derivative services of museums, such as shops, restaurants and image authorization. The final circle is the outer circle, which contains the relevant assistance to manufactures in digital, technology, product development, exhibition curators and economic production. In summary, the mentioned concentric circle forms the central position of the cultural industry of the museums. It can be seen that by adding derivative products development and marketing links in the organizational structure of museums, not only economic benefits can be obtained, but also museum resources can ve activated, and cooperation with visitors, artists and sponsors can be strengthened in the result. It cant be denied that public funding and sponsorship is considered as uncertainty factor to museum economy. Hence, many foreign museums have been conscious of the necessity of economic independence through relying on the fact of the paradox of donation and unpredictable future and financial challenges. Based on the experiences of European museums, we can summarize and ensure the feasibility of planning varies promoting ancillary activities related to the unique theme of museum, actually help museum to explore and cultivate the potential audience market and obtain better social benefits. One of the way of seeking new development model and breakthrough of museum economy, the new idea of “economy of character” provided potential opportunity for the transformation of museum economy. Some museums in China have begun to change the development mode and pursue the development of new cultural and creative economy based on the invention of their own museum characters. Modern interpretation of character can be viewed as cultural symbol, it has a close relationship with the development of mass cultural consumption, and has a large extension and high generality. For example, cartoon image and animation image and museum mascot can be classified as character in general. Alongside with the enhanced market demands for cultural products, character is gradually developing into cultural consumer products. It has positive impacts in the creation of works, image publicity and commercial expansion have shown great market potential. Therefore, the commercialization of museum character is a

decisive move for museum economy. To be more specific, the commercialization of museum character is the process of developing and marketing the museum image representative or museum mascot based on the tangible and intangible cultural heritages and other elements of the museum. Museum administration system and related specialists and scholars in museum studies of Kazakhstan came to the realization that commercialization of character had become mainstream in the perspective of cultural creativity of museum. It is global trend for museums to commercialize their characters and derivative products, and implement modern managerial and administrative mechanism.

#### **References**

1. Maslow's hierarchy of needs, 2021. [Electronic resource] - Access mode: [https://en.wikipedia.org/wiki/Maslow%27s\\_hierarchy\\_of\\_needs](https://en.wikipedia.org/wiki/Maslow%27s_hierarchy_of_needs) 2
2. National Museum of Kazakhstan. [Electronic resource] - Access mode: <https://kazmuseum.com/>
3. International Council of Museums. [Electronic resource] - Access mode: <https://icom.museum/en/>
4. Lu Chang Lin. Preliminary Study of Museum Economy: Economic Vision, 2013. -473 p.
5. ResiliArt Ibermuseums: Museums in times of pandemic - innovation and perspectives. [Electronic resource] - Access mode: <https://en.unesco.org/events/resiliart-ibermuseums-museums-times-pandemic-innovation-and-perspectives>
6. Bai Jing. Research on the development and marketing mode of Museum Derivatives. Nanjing Arts Institute, 2013.
7. Marie Briguglio. Museums, markets, eudaimonia: economic insights for museums // Publication of NEMO 26th annual conference “Museums out of the Box! The Crossover Impact of Museums”, November, 2018-Valetta, Malta. p. 4-10.

**Бердигожина Зухра Шихдурдыевна**  
**учитель истории,**  
**Лауреат Международной**  
**Пушкинской премии,**  
**руководитель Музея**  
**боевой и трудовой славы.**  
**КГУ ОШ 32**  
**Казахстан, Алматы**

## **ИНТЕРАКТИВНЫЕ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРАКТИКЕ ШКОЛЬНОГО МУЗЕЯ БОЕВОЙ И ТРУДОВОЙ СЛАВЫ**

*В исследовании рассматриваются интерактивные и информационные технологии в практике школьного музея боевой и трудовой славы. Показаны формы работы музея школы с использованием информационных (электронных) технологий. Приведены примеры из практического опыта работы.*

Музею,  
в котором не возникают новые идеи,  
нет смысла дальше существовать

Hudcon K. A Social History  
of Museum What the visitors thought.  
London, 1975

В алматинской тридцать второй общеобразовательной школе на протяжении десяти лет действует музей боевой и трудовой славы. Музей был открыт и начал свою деятельность в 2014 году, в год шестидесятилетия школы. Целью музея являются сохранение, изучение и продвижение культурного наследия, сохранение исторической памяти, увековечение памяти прадедов - участников Великой Отечественной войны именно учеников школы, истории школы. За время работы музея собраны сведения, биографии свыше ста участников Великой Отечественной войны. Музей школы несет информацию об истории семей учеников, истории школы.

Цель музея школы – показать, что в наших сердцах навсегда останется память об одной из самых трагических страниц в истории XX века и о людях, прошедших все тяготы страшной войны, выстоявших и победивших.

Информационные технологии способствуют интересу к изучению истории своей семьи, страны, Великой Отечественной войны, привлечению школьников в музей.

Успешный школьный музей является частью мирового музейного пространства и значимым ресурсом образования. Главным условием успешности музея является «ощущение современного контекста, в котором существует музей». Мы разделяем мнение о том, что «музей и образование в равной степени отражают и испытывают на себе переходный характер современной культуры»[1]. Другими словами, музей, его работа должны меняться, становиться современными. В современных условиях изменение форм работы музея является актуальной.

«Успешный музей – это музей, который является частью современности. И это означает, что успешный музей постоянно предлагает своему посетителю новые ощущения и впечатления»[2]. Музей школы с помощью информационных технологий способствует возникновению у учеников новых ощущений, впечатлений, знаний. Например: исследовательская работа – поиск на сайтах военных архивов информации о своих прадедах, своей семье; при помощи информационных технологий учащиеся не только самостоятельно добывают новые знания о музейных экспонатах, но и расширяют образовательное пространство музея.

Информирование посетителей музея, а это учащиеся школы, осуществляется с помощью традиционных форм как лекция, экскурсия, консультация, музейные уроки. Однако потребности современных школьников требуют применения в работе музея интерактивных технологий. Внедрение компьютерных технологий является актуальным в развитии информирования, и вместе с тем не умаляет значение традиционных форм, таких как встречи с интересными людьми, историко-культурные реконструкции. Например: встреча с Героем социалистического труда, первоцелинницей Верой Васильевной Сидоровой, историческая игра-реконструкция «Мюнхен - 1938».



В Законе «О культуре» Республики Казахстан говорится о том, что «на фоне современных преобразований в музее большое значение приобретают международные связи. Вхождение в единое мировое культурное и научное пространство открывает новые перспективы для развития музея»[3].

В связи с этим усиливается роль интерактивных и информационных технологий, они помогают культурно-гуманитарному сотрудничеству школьного музея с ближним и дальним зарубежьем. Приведем примеры из музейной практики. Активисты музея приняли участие в мероприятиях централизованной системы библиотек российских городов: в онлайн-игре «Города-герои Великой Отечественной войны», в интерактивной викторине «Полководцы Победы», город Уфа Башкортостан, в онлайн-викторине библиотеки города Сасово «Артиллерия – Бог войны», посвященной Дню ракетных войск и артиллерии, в викторине-памяти библиотеки Макушинского района «Дорога жизни».

Старшеклассники приняли участие в веб-квестах библиотеки Забайкальского края «Нам доверена память» и библиотеки г. Арзамаса Нижегородской области «Эх, путь-дорожка фронтовая!».

Не остались школьники в стороне от исторической игры-викторины «Цена Победы» ЦБС Измалковского района Липецкой области. В ноябре 2020 года приняли участие в виртуальной историко-правовой викторине «Без срока давности», посвященной 75-летию со дня открытия Нюрнбергского процесса (Межпоселенческая библиотека им. В. А. Дрокиной Липецкой области).

Ученики-активисты музея принимают участие в международной акции Еврейского конгресса «#WeRemember - #Мы помним», посвященной Дню памяти жертв Холокоста. Фотографии наших учеников продемонстрированы в музее «Аушвиц-Биркенау» (известном в мире как Освенцим, Польша) и в Нью-Йорке во время показа фильма «#WeRemember».

По приглашению руководителя Российского культурного центра в Республике Мальта Переверзевой И.В. пятиклассники приняли участие в открытом онлайн - конкурсе на лучшее исполнение стихов и песен «Навстречу звездам», посвященном 60-летию первого полета человека в космос и открытию космодрома «Байконур». Пятиклассницы Мария Федосеенко и Арина Пестикова награждены Дипломами второй степени.

В апреле 2021 года ученики успешно прошли Тест по событиям Второй мировой войны Российского центра науки и культуры в Будапеште. Три активиста музея приняли участие в онлайн фестивале, посвященном Дню Победы «Этих дней не смолкнет Слава!» по приглашению Координационного Совета Российских Соотечественников в Нидерландах.

Благодаря информационным технологиям наш музей активно сотрудничает с Российским военно-историческим обществом, Музеем Победы, Российским историческим обществом, представительством Россотрудничества в Казахстане.

В 2019 году Музей боевой и трудовой славы школы был первой и единственной площадкой проведения исторического Диктанта Победы в Алматы. В этом году активисты музея приняли участие в пятый раз.



В феврале этого года семиклассники стали участниками международной онлайн - конференции «Подвиг Сталинграда – 80 лет бессмертия». Участниками конференции были представители восьми государств - Азербайджана, Белоруссии, Казахстана, Киргизии, Молдовы, России, Узбекистана, Таджикистана. Казахстан представляли шестеро активистов нашего музея. Они рассказали о своих прадедах – участниках Сталинградской битвы.



Также активисты музея приняли участие в международном историческом квизе «Великий Сталинград: наша история, наша память». Они записывали видеорасказы, посвященные роли Сталинградской битвы в достижении Великой Победы.

В апреле текущего года активисты музея приняли участие в VII региональной конференции учащихся и учителей «Малая Родина - большая история. Краеведческие находки» Палласовка – 2023. Организатор конференции школа 11 города Палласовка Волгоградской области. Активисты подготовили проект на тему «Наши прадеды – участники Сталинградской битвы» и рассказали о работе музея по изучению Сталинградской битвы.

Помимо конференции школьники приняли успешное участие в онлайн-конкурсе Русского дома в Уральске «Весть о победе» и Русского дома в Алматы онлайн «Фестивале стихов и песен о Великой Отечественной войне».





За время работы музея учениками, их родителями, выпускниками школы собрано немало экспонатов. Музейные экспонаты побуждают учеников к самостоятельному поиску информации. При этом музейный предмет выступает не как иллюстрация к полученным знаниям, а как непосредственный источник знаний. При помощи информационных технологий ученики сами добывают новые знания о музейных экспонатах. При этом музейный предмет выступает не как иллюстрация к полученным знаниям, а как непосредственный источник знаний.

Приведем практические примеры использования онлайн ресурсов в музейной работе.

Музей ставит перед собой и планирует новые задачи по применению информационных технологий – оцифровку голосов ветеранов труда, школы, звукозаписи песен военных лет. Активисты музея работают над составлением электронных описей экспонатов музея, ведется работа по автоматизации работы по учету экспонатов. Ученики самостоятельно создают и обновляют музейные презентации, по итогам мероприятий видеоролики. Презентации музея – важный вид использования информационно – компьютерных технологий.

Перечислим формы работы музея боевой и трудовой славы школы с использованием информационных (электронных) технологий:

- создание электронной «Книги памяти», электронной библиотеки музея;
- поисковая работа на сайтах военных архивов;
- участие в онлайн-конференциях, конкурсах;
- создание электронной базы фондов музея;
- применение мультимедийных программ;
- оцифровка фотографий и документов;
- организация проектной деятельности с использованием интернет технологий;
- сотрудничество с электронными СМИ;
- культурно-гуманитарное сотрудничество с музеями города Алматы, республики и зарубежными музеями.
- продвижение информационного имиджа музея, хештег музея - #Музейшколы32Алматы.

Музей боевой и трудовой славы школы получил известность за рубежом. В июне 2022 г. на международном Форуме «История для будущего. Образ Петра» в Москве предоставлен доклад на тему «Возможности школьного музея: изучение деятельности Петра I».

В рамках Восточного экономического форума на международной научно-практической конференции «Преподавание истории в странах Востока» 5 сентября 2022 г. в городе Владивостоке предоставлен доклад на тему «Использование ресурсов школьного музея при изучении истории Казахстана».

6-7 июня 2023 г. музей школы принял участие в Международной научно-практической конференции «Образовательное пространство в информационную эпоху» в Москве. Тема выступления - «Информационные и музейные технологии при преподавании истории (из опыта работы)».

Таким образом, практический опыт работы музея боевой и трудовой славы школы показал, что современный уровень развития интерактивных и информационных технологий предполагает их внедрение и активное использование в работе школьного музея. Необходимость использования интерактивных и информационных технологий, новых современных приемов в работе школьного музея не вызывает сомнений.

**Список литературы**

1. Дюмина И.А. Педагогическое образование в России.2013, №3//Психолого-педагогические проблемы образования. 39 с.
2. Конкурс «Меняющийся музей в меняющемся мире» [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://museum.fondpotanin.ru/publ/10333/>.
3. Ст. 25 Закон «О культуре» РК от 15 декабря 2006 года № 207

Жұбанова Гүлнұр Алпысбайқызы  
Ә.Қастеев атындағы ҚР МӨМ,  
«Қазақстан бейнелеу өнері»  
бөлімінің ғылыми қызметкері,  
педагогика ғылымдарының  
магистрі  
Алматы, Қазақстан

## XV-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЕРЛЕР КИІМІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

*Аңдатпа: Мақалада XV-XIX ғасырлардағы қазақтың ұлттық ерлер киімінің пайда болу және даму тарихы қарастырылған. Түрлі тарихи кезеңдердің шығармашылық тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ қолөнеріндегі ұлтымызды дәріптейтін дәстүрлі киімдер теориялық тұрғыдан зерттелді. Жұмыста мыңдаған жылдар бойы қазақ жерінде мекендеген халықтардың киім типологиясы мәселелерін әзірлеуге қатысты материалдар қолданылады. Сонымен бірге этнография, тарихи-этнографиялық әдебиеттерден, мұражайлық киім-кешек коллекцияларынан, фотосуреттерден, суреттердегі картографиядан (киім элементтері) материалдарды анықтау барысында тың мәліметтер жинақталды. XV-XIX ғасырлардағы дәстүрлі ерлер киімдерінің ерекшеліктеріне тоқталып, аталған негізгі материалдар, олардың атқаратын қызметі мен қазақтардың ұлттық киімдері туралы жазған ғалымдардың еңбектері талданды.*

Біздің жеріміз материалдық мәдениетпен рухани құндылықтардың пайда болған орны әрі бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар мен жәдігерлер кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Байтақ даланы мекен еткен ежелгі халықтар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

Киім-кешек ұлт байлығы. Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Ұлттық киімдерімізге қарап, халқымыздың эстетикалық талғамының нәзік те бай екеніне көз жеткізуге болады. Қазақтың ұлттық киімі әртүрлі дәуірлер мен ұрпақтардың дәстүрлері тоғысып, көшпелі халықтың қиял-ғажайбынан туындаған. Тақырыпқа арқау болған ерлер киімі түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңілуге мүмкіндік туды.

XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басында дамыған қазақ ұлты бір кездері Қазақстанның ұлан-ғайыр жерін мекендеген тайпалардың материалдық және рухани мәдениетінің мұрагері болды. Қолөнердің даму барысында халыққа тән белгілі бір көркемдік стиль қалыптасады (Сурет 1). Қазақтардың – түпкі тамыры түркі халықтары. Ал қазіргі Қазақстанның негізгі халқы осы қазақ ұлты. Қазақтар Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан аймақтарында және Қазақстанмен іргелес Моңғолияның батысында да ежелден мекендеген. Тарихқа көз жүгіртсек, олар Қазақ хандығы ыдырағаннан кейін құрылған Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз деген үш ірі бірлестік-жүздерден құралған.

Зерттеуге дәйек болып отырған үлкен мәдени жетістіктердің басым бөлігі ұлан байтақ даламызға сырттан келген жоқ. Мәдениеттің көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, одан әрі Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралып отырған. Сан мың ғасырлар қойнауында болған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз



Сурет 1

заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айқындайды. Еліміз егемендіктің іргесін қалап жатқан тұста осындай жәдігерлеріміз қазақ даласының жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Ерте біздің заманымызға дейінгі Қазақстан аумағындағы сақ дәуірінің типтік ескерткіштері – мазаралар мен қорғандар. Пазырықтағы (Алтайдағы) қорымдардың бірінде тон қалдықтары, екі қабат тігілген киізден жасалған шапандар, күдері шапандар сақталған. Қазақтың сырт киімдерінің кейбір түрлері, мысалы, тон, киіз тондар түрі жағынан Пазырық қорғандарының киімдеріне ұқсас. Ұқсастық қазақ арасында күні бүгінге дейін жиі кездесетін қонышы өрнекті киіз шұлықтан (байпақ) және тығыз киізден жасалған үшкір бас киімнен де байқалады. Ежелгі сақтардың ұзын ұшты бас киімдері, сәукеленің прототипі – қазақ келінінің биік (70 см-ге дейін) бас киімі болды.

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидасы кең даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өзіндік жазуы мен мифтік көзқарасы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды. Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының нышанына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Сақтардың түсінігі бойынша құдайлар, қанатты тұлпарлар, ат - самұрықтар сияқты, қиялдан туған аңдар мен құстар, жануарлар бейнесінде де көріне беретін болған. Олар ерте кезеңі жануардың шынайы бейнесімен сипаттала келіп, жыртқыштардың, ішінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. Сонымен қатар, тотемдердің бірі болған қошқар биліктің күші мен қуаттылығын бейнеледі. Қазақтың «қошқар мүйіз» өрнегі әр түрлі өзгеріске құбылғанымен, ою-өрнекте негізгі мотивтерін сақтап қалады. Сақ дәуірінің киімдерінде әшекейлеу үшін аң стилі қолданылған, ал қошқар мүйіз түріндегі ою-өрнек қазақ оюының басты пішіні болып саналған. Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген.

Бұл кезеңде киімді сол жақ қапталда орау тәсілі пайда болды. Сонымен қатар, киімнің шеттерін әртүрлі зергерлік бұйымдармен: зұлым күштерден қорғау үшін алтын, күміс жіптермен кестелеп, жолақтартарын нақты өлшемдермен жиектеу пайда болды [1].

Сырт киімдер әдетте қой, ешкі, құлын, ақбөкен терісінен тігілген. Көбінесе тон, жеңсіз күрте, шалбар, т.б. киімдерге қой терісінен қолданған. Ал, Үндістан көпестері әкелген мақта маталардан жеңіл киімдермен бас киімдер тігіліп, тондарға да пайдаланылды. Жібек жолы бойымен Қытай мен Орталық Азиядан жібек, барқыт, парша, жүн маталар келді. XVII ғасырдан бастап Қазақ даласында орыс, татар тауарлары пайда болып, орта азиялық мәдениеттер әсер етті. Бұл киімдегі өзгерісті ерлер бешпетіндегі бүйір қиығынан аңғаруға болады. Қазақтың дәстүрлі киімі ежелден этнографиялық ғылымның зерттеу нысаны болды. Атап айтқанда, И.В.Захарова мен У.Ходжаеваның арнайы монографиясы жарық көрді [2].

Қазақ ерлер киімдерінің эволюциясын стильдік бірлік тұрғысынан талдау бұл жұмыста процестің жан-жақтылығын көрсетеді. Халықымыздың ерлер киімдеріндегі әрбір бөліктерінің ұқсастығын республиканың барлық аймақтарынан байқауға болады. Олардың пішілу әдістерімен киюында, материалды таңдауда, киімнің жеке заттарының тағайындалуында көп айырмашылық жоқ.

Ұлттық киімдерде қазақ мәдениеті терең ашылған. XV-XIX ғасырлар аралығындағы ерлер киіміне көшпелі өмір салты, дала климаты, діни наным-сенімдер және әлеуметтік қызмет жағдайлары қазақ киім дәстүрінің дамуына әсер еткен. Киімдер суық пен желден қорғайтын, атқа мінуге ыңғайлы, табиғи материалдан өңделіп күнделікті тұрмысқа икемделіп ықшамдап жасалынған. Сондай-ақ киімнің сапасы мен оның жеке элементтері қазақтың әлеуметтік мансабын және оның белгілі бір тайпаға немесе руға жататынын білуге мүмкіндік берді (Сурет 2).



Қазақтар XVIII-XIX ғ. (Ақмола аймағындағы кәсіпкерлер жиыны). М.В.Лерманов. Қазақ, 1910 ж.  
Қазақтар XVIII-XIX ғ. (Ақмола аймағындағы кәсіпкерлер жиыны). М.В.Лерманов. Қазақ, 1910 ж.  
Қазақтар XVIII-XIX ғ. (Ақмола аймағындағы кәсіпкерлер жиыны). М.В.Лерманов. Қазақ, 1910 ж.

*Сурет 2*

Киім тігу үшін былғары, жүн және аң терілері пайдаланылды. Тұрмысы төмен шаруа адамдары жабайы аң терісінен тігілген киім киген. Ал бай-дәулеттілері сырттан әкелінетін маталардан – жібек пен барқыттан көйлек тіккізген. Қазақтар теріні өңдеу мен жоғары сапалы киіз басып, киім жасаудың алуан түрлі әдістерін жетік меңгеріп, оларды дамытып жетілдірген. Ұлы Жібек жолының базарларында осындай өнімдері жоғары бағаланған.

Қазақ киімінің барлық түрі қолайлы әрі ыңғайлы мүмкіндіктеріне қарамастан, оларға әртүрлі өрнектер салынып, асыл тастармен ал, кейбіріне аң үлбірімен безендіруі маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, өздерінің мәртебесін атап өту және одан да талғампаз көріну үшін ерлер мен әйелдер алтын немесе күміс тоғалары және басқа сәндік элементтері бар жалпақ белдіктерді таққан. Дәулетті адамдардың сырт кімінің ішкі жағынан ыңғайлы әрі қарапайым тігіліп, ал сырт жағында қымбат асыл тастармен әшекейленіп зерленіп өрнектелген бірнеше қабат киім киген [3].

Қазақтың ұлттық аяқ киімдері – етік. Етікті – былғарыдан, құрымнан өңдеп тігіп, ерлерде әйелдерде киген. Етіктер жым етік, қисық табан етік, шонқайма етік болып бөлінеді. Мұндай етіктерді қыста да, жазда да киетін болған. Жазда жұмсақ былғарыдан жасалған етік, өкшесі 8 см-ге дейін жететін. Ерлерге арналған, қонышы тізеден асып қара санға дейін жететін етікті жырым етік, ал ішіне байпақ салатын етікті байпақты етік дейді. Соңғы екі түрін еректер қыста ғана киген. Етікшілер мұндай етіктерді тарамыспен көктеп, ағаш шегемен шегелеп тігеді. Әйелдердің етіктері кестеленіп әр түрлі бастырмамен безендірілген. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі.

Қазақ елі салт аттылы жауынгер халық болғандықтан ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Қазақтың ерлер киімі: бас киім, көйлек, шалбар және шапаннан тұрды. Мұндай шапандар адамның әлеуметтік мәртебесі туралы көбірек түсінік беріп, басты киім болып саналған. Шапан жұқа немесе қалың матадан тігілген, түрлі-түсті болуы мүмкін, бірақ біртүсті және тіпті қара түстер көбірек өкілдік болып көрінді.

Салтанатты шапан қою көк немесе қара түсті, алтын кестемен безендірілген. Осындай салтанатты шапандарды құрметті адамдар мен маңызды қонақтарға беру дәстүрі болған және бұл дәстүр Қазақстанда әлі де танымал. «Адам көркі шүберек» дегендей ғасырлар бойы қазақ киімдері қарапайым әрі ұтымды пішілумен ерекшеленеді. Жас шамасымен дәулетіне қарай үйлесімді, шаруасы мен іс-әрекетіне, ойын-сауыққа да ыңғайлы киім киген. Қазақ халқының киімдерінің барлық ерекшелігі

халқымыздың тарихи үні, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі тұнып тұрады. Ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша киімдерде түрлі салттық жол-жоралғыларда дербес құндылық ретінде қолданылғаны белгілі.

Қазақта киім-кешек түрлерінің эстетикасына айырықша мән берілді. Қазақ билеуші өкілеттілігінің монополистік рәмізі қара қоңыр түлкінің жүні болды. Оның көмегімен ақ немесе қызыл түсті конус тәрізді қалпақтары қиылып пішілген. Шапандардың алуан түрі - олардың стильдері, түстері, сәндік элементтері және ою-өрнектері. Сондай-ақ, қазақ тектілерінің киімдері Еуразияның басқа халықтарының артықшылықты иеліктері сияқты белгілі бір космополитизммен, яғни әртүрлі стильдер мен үлгілер жиынтығымен ерекшеленген. Сонымен қатар, олар негізінен ағаш тәрізді көп нұсқалы түрде жасалған неғұрлым көркем және талғампаз ою-өрнекпен безендірілген.

Дала халқының бақуатты бөлігінің киімі сән-салтанатымен көркемделді. Оған қатаң түстер тән болды. Ол алтын, күміс жіптермен зерленіп, моншақтармен, інжу-маржандармен, асыл тастармен, күміс және алтынмен қапталған металл тақталармен безендірілген кестелермен толықтырылды. Қазақтардың ұлттық киімі белгілі бір жас ерекшелігі бар салтанатты және тұрмыстық киімдерді киюда қатаң сызықтың болмауымен сипатталады. Би болыстардың іскерлік киімдері күнделікті киімнен біршама бос кесіндісімен, бас киімдерінің көлемімен және әшекейлерімен өзгеше көрініс тапты. Ресми киімдерді тігу үшін барқыт, жібек, парша, қымбат аң үлбірлері пайдаланылса, қарапайым маталардан күнделікті киімдер тігілді.

Әйелдердің де, ерлердің де костюмдеріндегі әлеуметтік айырмашылықтар негізінен материалдың сапасынан, безендірілуінен, жиынтықта бір уақытта киетін киімнің көлемінен көрінеді. Осының бәрі бірігіп, қазақтың ұлттық мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктерін ұстамды түрде бейнелейтін басқа құбылыстарға қарағанда қайталанбас, ерекше халықтық киім кешенін құрады [4].

Жергілікті шыңғыстықтар бір түстіегі ою-өрнегі бар, бір қиымды үлгіленген киімдерді киген. Киімдерде түстердің нышаны маңызды рөл атқарды. Билеуші топтар өкілдерінің салтанатты киімі болған шапандар барқыт немесе алқызыл матадан тігілген. Қызылдың негізгі әртүрлі реңктері – соның ішінде күлгін, қызыл, терракота түстері кездеседі.

Мұндай өзгеріс киімнің белгілі бөліктерінің эволюциясын айғақтаса, қарапайым көшпенділердің мұндай киімді алуға материалдық мүмкіндігі де, тіпті ондағы көпшілік алдына шығуға да құқығы болмады. Өйткені бұл басқарушы ақсүйектер қоғамының сипаты. Қазақ ою-өрнегінің алуан түрлі әрі көп болғанына қазақ сұлтандарының бас киімдері де куә.

Дәстүрлі конус тәріздес бас киімдерден басқа қазақ тектілері ақ немесе қызыл тақия киген. Мұның Орталық Азия мәдениеттерінде де өзіндік символикасы болды: қожа табына ақ тақия тән екендігі қазақ даласында ғана емес, Орталық Азияның басқа елдерінде де үлкен беделге ие болған. Сонымен бірге қазақ сұлтандары мен қожалар жиі ашық түсті шапан (изумруд жасыл, күлгін, алқызыл) және жібек және басқа материалдардан тігілген камзол киген. Яғни, қазақтың билеуші бекзадаларының киімі бір түрде болмаған. Көптеген Орта Азия билеушілері мен орыс монархтары қазақ тектілеріне немесе басқада қазақ билеушілерінің өзінің ерекшеліктеріне қарай айрықша үлгі бойынша тігілген сәнді киімдер сыйлаған. Қазақтың билеуші таптарының эпистолярлық мұрасы деректеде көп жазылған. Қазақ хандықтары билеушілерінің Орталық Азия мемлекеттерімен және халықтарымен қарым-қатыныс байланыстарында дәстүрлі болған сыйлар туралы ерекше бай материал ұсынған.

Қазақ хандығы дәуірі ауыз толтырып айтатын өзіндік жоғары қоғамдық сана мен мәдениетті, дәстүрді қалыптастырғаны тарих беттерінде анық байқалаған. Қазақ хандығының құрылу уақыты ортағасырлық Қазақстандағы мемлекеттіліктің қалыптасу және даму дәуірі болып белгіленеді. Бұл кезеңдегі Қазақстандағы саяси жағдайдың өте тұрақсыз болғаны сөзсіз. Көптеген әскери қақтығыстар кейбір бірлестіктердің құраюына және басқа әлсіз одақтардың пайда болуына әкелді. Қазақ хандығының дәуірлеп тұрған кезінде, билік пен халық арасында демократиялық мәдениет қалыптасқаны, оның қоғамдық өмірде өзіндік үйлесім таба отырып

дамығанын теріске шығару қате деп білеміз.

Қазақ хандығы туралы айтатын болсақ, Қасым ханды, Хакназар ханды, Тәуекел ханды және Абылай ханды ажыратуға болады. Тарихтың әрбір кезеңі үшін XV-XVIII ғасырлардан бастап шет елдермен халықаралық дипломатиялық және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуда орасан зор рөл атқарған хандар мен сұлтандарды бөліп көрсетуге болады. Дипломатиялық тәжірибе сол кезеңдегі қажеттіліктерге сәйкес дамыды. Қазақ хандығы тұсында саяси және құқықтық мәдениет, демократия деңгейі жоғары болған. Дәлірек айтсақ сол кездегі қоғамдық өмірге, хан билігі мен халық арасындағы қарым-қатынастар көз жеткізеді. Хан шешімдері мен оның кеңесші, көмекші қызметіндегі тұлғалардың саяси көзқарастары –демократиялық ойларға, ұстанымдарға толы.

Би хандық басқару жүйесінің маңызды буыны ретінде біріктірілген. Осылайша, кем дегенде төрт қасиет: әскери басшы, әкімшілік тұлға, сот төреші және дала ақсүйектерінің өкілдері. Дешті Қыпшақ билері Шыңғыстайлықтардан жоғары. Олар керісінше Шыңғыстар – «ұлттық» ақсүйектерді, элитаны құраған «ұлттық» иелік «Қарасүйек» әлеуметтік тобы. Қазақ әдет-ғұрып құқығын зерттеуші А.Леонтьев былай деп атап көрсетеді. «Би» сөзі билеймін деген етістіктен шыққан» [5, 118 б.].

Біздің ойымызша, «би» термині әлдеқайда ертерек пайда болған, т.б. тіпті X ғасырға дейін. Белгілі болғандай, үйсін билеушілерінің лауазымдарының құрамында «би» қосымшасы болған. Мысалы, Шың би, Оңқай би, т.б. В.В. Радлов, «би» термині көне түркі тіліндегі «биік» — биік, күдіретті, ұлы және билеушінің кеңесшісі мәртебесін алған» [6, 359 б.].

XV, XVI, XVII, XVIII және XIX ғасырларда да шыңғысхан ұрпақтары ою-өрнектері бар түстері бірдей, киюлары ұқсас киімдер кигенін XVIII ғасырларда ел билеген орыс патшалықтарының зерттемелеріне кездескенін тарих ғылымдары жеткізеді. Кітап беттеріндегі иллюстрациялар мен плакаттар көбінесе мұрағаттардағы нақты тарихи сипаттамаларға сәйкес келмейтін костюмдерді қайталайды. Қазіргі заманғы суретшілердің жазған бейнелерінде қазақ хандары мен билеушілерін әр түрлі жануарлардың терісімен жиектелген бір түсті шапандары мен бас киімдер. Бұдан біз қазақтардың әртүрлі әлеуметтік топтарының костюмдерінің тарихы терең зерттелмегендігін байқаймыз.

Қазақстан тарихы кейбір оқулықтарында мынадай дәйек келтірілген: қарапайым көшпенді хан немесе сұлтанды кезіктіріп ілтипатын білдіргенде оң тізесін бүгіп тағзым етті. Мұндай жағдайларда хан немесе сұлтан қарсы алу белгісі ретінде оң қолын қарапайым көшпендінің оң иығына қойды. Бұдан біз адамдар тобынан шыңғыстықтарды қарапайым көшпенді қалай таныды деген сауал туындайды. Мәселен, XVIII және XIX ғасырдың басында қазақ билеуші таптарының монополиялық, нышандық ерекшелігі қара-қоңыр түлкінің жүні болды. Ал, олардың конус тәрізді бас киімдері ақ және қызыл түсті болып келген. Қазақтың билеуші өкілдерінің киімдері, соның ішінде олардың салтанатты киімдері, қазіргі суретшілер салған портреттерде көретінімізге қарама-қайшы, бір үлгіде болған жоқ. Сонымен қатар көптеген Орта Азия билеушілері мен орыс монархтары қазақ сұлтандары мен билеушілерінің жеке ерекшеліктеріне қарай айрықша үлгіде тігілген сәнді киімдер сыйлағанын айта кеткен жөн.

Қазақ билеушілерінің ою-өрнек пен киім-кешек элементтеріне қаншалықты ерекше мән бергенін Нұралы, Ералы және Абылай хандардың патша үкіметімен хат алмасуынан көруге болады. XVI-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының толық бейнесін көру үшін археологтардың, тарихшы, лингвистердің, фольклорлық жазба материалдарымен қатар, мұрағаттардағы әртүрлі суреттер мен нобайлардан қарастыру қажет. Мысалы, ортағасырлық қазақ хандарының сыртқы түрі мен киімдері. Оларды сарайларда бейнеленген эшекейлердегі, мозайкалардағы, түскиіздердегі суреттер арқылы қалпына келтіруге болады. Осындай мұрағаттық суреттер Джузеппе Кастильоненің «Жылқыларды тарту-таралғы ретінде ұсынған қазақтар» картинасы ерекше құнды. Сондай-ақ, қытайлық «Хуан Цин чжи гонг ту» және «Сюйу цзон чжи» кітаптарындағы түрлі-түсті миниатюралардың үзінділері де қазақ тарихындағы әртүрлі сәттерді бейнелейді (XVIII ғ.). Д. Кастильоненің шығармасында 1763 жылы

Қытай императоры Цяньлунға одақтастық пен достық белгісі ретінде қазақтардың сыйлық беру дерегі суреттелген. Қазақтың үш елшілерімен салтанатты түрде тартуға алып келген үш жылқысы бейнеленген. Декорациялар, киімдер, ыдыс-аяқтар сарай



*Сурет 3.  
Мұрақ киген сұлтан-төрелердің бір тобы. Фотосурет XIX ғасырға тән. Мұндағы тұлғалардың кім екені толық айтылған жоқ, тек оң жақтан үшінші: Әлмұхамед Сейдалин, сұлтан мен оның сол жағында Торғай уезінің болысы, би, атақты батыр Шақшақ Жәнібектің ұрпағы Бірімжан Шегенов екені айқындалған. Б.Шегенов – Алаш Орда қайраткері Ахмет Бірімжановтің әкесі.*

өмірінен алынған көріністерде өте шынайы көрінеді. Сурет сол кездегі киімдер туралы түсінік береді. Киім-кешектер тарихын зерттегенде, оны тігетін матаның маңызы зор. Мұндай археологиялық олжалар өте аз. XVI-XVIII ғасырларда Қазақстанда қандай маталар болғанын сондай визуалды деректерден байқай аламыз. Тарихи талдау көрсеткендей, бұл суреттегі оқиғалар Абылай ханның Қазақстандағы және Қытайдағы Цяньлун императорының уақыты екенін аңғартады [7].

Өткен ғасырлардағы жазба деректермен таныса отырып Жәңгір ханның көптеген киімдері туралы жазбаша сипаттамалардың бірқатары сақталған. Ханның киім кию болмысынан маңғаз сәнқой әсем киінуді жақсы көретін әрі еліктеуші әрекеттерін аңғарамыз. Замандастары оның сол дәуірге тән түстер изумруд жасыл, күлгін және қызыл шапан, камзол кигендігін айғақтаса. Кейде орыс әскерінің офицері кейпінде суреттеген. Сонымен бірге қазақ сұлтандары жібектен және басқа да материалдардан тігілген ортағасырлық ашық түсті және түрлі-түсті киімдерді жиі киген.

Қазақтың киім кешектерін зерттегенде бас киім негізгі құрамдас бөлігі ретінде аса мәнді, сәнді де ерекше көрінеді. Онда жас, жыныстық және аймақтық ерекшеліктер берік сақталған. Қандай да бір бас киімді киген адамның әлеуметтік мәртебесін немесе діни ерекшелігін анықтауға болады. Халық ауыз әдебиеттерінде осы бас киімге қатысты «Хандар киер мұрақты, қараша киер құрақты», «Қалпақ абзалы – мұрақ, көрпе абзалы құрақ» деген мақал-мәтелдер сақталған. Мұрақ тек хан-сұлтандарға, ел билеуші лауазымды тұлғаларға арнап жасалатын бас киім (Сурет 3). Мұраққа қарап халық оның мансабын, дәрежесін анықтайтын болған. Шыңғыс ханның ұрпақтары саналатын төрелер ғана киген (XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап «қарасүйек» қазақ шонжарлары да кие бастаған). Қазақ даласының әр жерінде мұрақты әр түрлі атаулармен: мәселен, айыр қалпақ, сәукеле қалпақ деп те атаған. Екі жағы қошқар мүйізденіп келетін, лайықты оюлармен әсемделіп, алтын және күміс түстес жіптермен зерленіп тігіледі. Пайдаланылған жіп түрлеріне қарай мұрақтың ою-өрнегі алыстан-ақ жылтырап көрінетін болған. Кию тәсілі де өзгеше: шошақ қалпақтың сыртынан киеді. Мұрақты кез келген жерде кие бермеген, әр түрлі салтанатты жиындарда, ас пен тойларда және ғұрыптық шараларда киген. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің қорында сақталған Айшуақ ханның мұрағы да көнеден жеткен құнды мұраның санатында. Мұрақ иесі Айшуақ хан – әйгілі хан Әбілқайырдың ұлы. Кіші жүзді 1797-1805 жылдары билеген [8] (Сурет 4).

Бағалы әрі ыңғайлы киім үлгілерінің атауларын ел аузындағы батыр жыраулардың еңбектерінен де кездестіріп киімдердің қасиетін ұғынуға болады. Мысалы, суырып салма ақын әрі батыр Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде:





Сурет 4.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің қорында сақталған Айшуақ ханның мұрағи да көнеден жеткен құнды мұраның санатында. Мұрақ иесі Айшуақ хан – әйгілі хан Әбілқайырдың ұлы. Кіші жүзді 1797-1805 жылдары билеген. 1748-1749 жылдары Әбілқайыр ханның орыс бодандығында аманатқа берген төрт ұлының бірі осы Айшуақ.



*Хан сарқыты – сары бал  
Сұраусыз ішсем деп едім.*

*Ханның киген кіреуке,  
Қараңғыда шештіріп,*

*Үстіме кисем деп едім.* – деп өлең арқылы кіреуке киімінің хандар киетін сипаттап өтеді. Қазақтың сырт киімдерінің қатарына жататын кіреуке – алтын тінді зерлі жіппен тігілген, аса қымбатты, сәнді жібек шапан.

Ал ұлттық нақыштағы киім үлгілерінің қадірі мен қасиетін, оның түрлері төңірегінде зертеуге тиек болған Бұхар жыраудың нақыл сөздері де ой қозғады:

Хандар киген қамқа тон – шүберек болар тозған соң,

Жігіт жақсы бола алмас – алғаны жаман болған соң – деп, қамқа тонның хандар киетінін бағалы болсада ескірсе

шүберекке айналатынын астарынан терең мағанамен ұрпақтарға жақсы жаман қасиеттерді келтіреді. Тон – қойдың терісінен тігілетін қыстық жылы киім. Тон тігісіне, үлгісіне қарай кималы, бүрмелі деп бөлінеді. Тонның ең әдемі, жылы, қымбат бағалы түрі – қамқа тон деп аталады. Оны бұрын хан, би, бай, мырза, ханша сияқты ауқатты, белгілі адамдар киген. Абылай ханның ұрпақтары XIX ғасыр басында аққу терісінен қамқа тон тіккізген. Уәли хан өлгенде оның қамқа тонын Айғаным ханша ханның сыйлас замандасы Байдалы биге кигізген деген дерек бар [9].

Қазақы ортада киім-кешекке қатысты пайда болып әлі күнге дейін сақталған: «асыл шапанды асылмен астарла», «алтын шекпен ерге жарасар», «бөрік-адамға көрік» деген нақыл сөздер көшпелі ортаның киімнің эстетикалық талғамға сәйкестілігіне мән бергенінің айғағы. Өзіндік ерекшеліктерімен Қазақстан халықтарының киім үлгілері тарихтың даму сатысында үнемі өзгеріске ұшырап отырды. Қазақтың ұлттық киімдері халқтың ақыл-ойы мен биік эстетикалық талғамының жемісі. Басқа ұлттық киімдерге қарағанда, қазақ ежелден шапанды айрықша киелі киім санап, қадір тұтқан.

Тарихта қазақтың жауынгерлік дәстүрі, қазақ халқының көшпелі тынысы мен тіршілігіне, қоғамдық құрылым ерекшелігіне байланысты қарастылған. Ел тағдыры сынға түскен жауынгершілік замандарда билері батырларымен қатар атқа қонып, маңайындағы ру – тайпаластарынан жасақтар құрып отырған. Осылай мемлекет тұтастығы мен ұрпақ азатығын қорғауға ұйытқы әрі қолбасшы да бола білген. Кез келген қазақ жігіті қолына қару ұстап, жауынгер болып елінің амандығын жерінің бүтіндігін ат жалында жүріп қорғаған. Барлық қазақ





*Сурет 5. Берен сауыт*

жауынгерлері жеңіл атты әскер және ауыр атты әскер болып екіге бөлінді. Сонымен қатар санаттық ерекшеліктеріне байланысты: қатардағы жауынгерлер және қызметтік беделі мен атақ данқына қарай (мысалы, хандар мен батырлар).

Адамзат тарихындағы сан мыңдаған соғыс майдандар кезінде киім қорғаныш құралы болды. Эпостар мен дастандар, батырлар жырына назар аударсақ, ақ берен, сауыт, көбе, жалаңқат, зере, кіреуке, торғауыт, қаттама деген сөздер көптеп кездеседі. Олар батырлардың киімдері. Батырларымыздың басында дуылға, арқасында жыға, жүрек тұсында шарайна, үстінде сауыт, садақ, жебе, найзасы, қолында шоқпары мен қалқаны, белінде оқшантайлы белдігі болған.

Қару-жарақтардың құрамдас бөлігі жауынгердің жауынгерлік сауыттары болып табылады. Киім-кешекте тарихтың ізі, уақыттың табы қалып отырған. Қару-жарақ кешенінің қорғаныс құралдары әскери техниканың эволюциясына сәйкес дамыды. Қару-жарақтың жаңа түрлерінің пайда болуы және олардың модификациясы, сонымен қатар олардың тиімділігінің артуы табиғи қорғаныс құралдарының күшеюіне ықпал етті.

«Көбе» сөзі сақиналы тізбекті шынжыр мағынасында XIII ғасырдағы ортағасырлық ескі қыпшақ жазба ескерткішінің сөздік қорында сақталған. «Түркі-араб сөздігі». Сауыттың келесі нұсқасы «берен» (түрлері: беренсауыт, жез берен, берен тон). Қ.С.Ахыметжанов «беренсауыт қалың былғарыдан жасалынып, оның үстіне үлкен темір қалқандар бекітіліп, бұл олардың біріккен сипатын көрсетеді» деп есептейді (Сур.5, 6). Қазақтар арасында кең тараған берен сауыты «Бадана» болды (оның түрлері: бадана көзді ақ сауыт, бадана көзді берік сауыт, бадана көзді кіреуке, т.б. (Сурет 7)). Тізбекті қорған киім бұл түрі Алтын Орда қорымдарында жазылған. Өздеріңіз білетіндей, көшпелілердің қорғаныс заттары Ресейдің әскери сауытының дамуына айтарлықтай әсер етті [10].



*Сурет 6. Көзе сауыт*

Қазақ жауынгерлерінің бас киімі "дулыға" (алтынды дулыға, ақ дулыға, құрама болат дулыға) болды (Сурет 8). Қазақ дулығалары өз дизайны бойынша орта



*Сурет 7. Бадана көзді кіреуке*

ғасырлардағы түркі-моңғол көшпенділерінің жауынгерлік қорғаныс шындарының бұрынғы түрлерімен байланысты. Арнайы теру белдіктері жауынгердің әскери жабдықтарында әртүрлі көмекші функцияларды атқарды.

Қорыта келе, XV-XIX ғасырлар арасындағы қазақ даласында болған тарихи кезеңдер мен мәдениеті, әлеуметтік саяси жағдайларды ерлер киімінің эволюциясын көруге болады. Осы киімдер арқылы қолөнер дәстүрімен оның өзіне тән ерекшелігін сақтап қана қоймай ұлттық киімнің ою-өрнектерінде қоршаған әлемнің жарасымымен сұлулығын көрсете білді.

Ерлер киімдері белгілі бір дәуірдегі материалдан да, рухани жағынан да алынған. Сонымен қатар, уақыт өте келе дами отырып киімдер адамның сыртқы қорғаушы қабаты ретінде оның психологиясы мен әлеуметтік эволюциясын көрсетеді. Әрбір жағдайда киім-кешек адамдардың психологиялық құрылымының жалпы киімдер қоғамның негізгі бөлігі болып саналып және моральдық тұжырымдарының үндестігін байланыстырады.

XV-XVIII ғасырларда қазақ жерінде пайда болған дәстүрлі костюмдер –



Сурет 8. Дуылға  
– темірден жасалған  
баскиім



әлеуметтік құрылымын тікелей немесе жанама түрде бейнелеп отырған. Сондай-ақ өз заманының эстетикалық күш-жігерін жинақтай отырып, стильді талап ететін сыртқы эволюция формасының бір көрінісі.

XVIII-XIX ғасырдағы ерлер киімдерінде келбеттің ұтымдылығы сұлбаның қызметтік мансабымен ауыстырды. Ерлер денесінің тығыздығы, оның салмақтылығы көлденең сызықпен (формалардың дамуында басым) басым болды. Көп киілетін сыртқы киімдерде матаның беріктігі мен сапасының құндылығы, ал жеңдері мен етегінің өзгеру стилімен ерекшеленді.

Қазірдің өзінде костюм өнерінің ең жоғары жетістіктері ортасында стратификация бар – киімнің белсенді емес түрі салтанатты болып бөлініп, беделдің ең жоғары түрі ретінде дамиды; қарапайым (бірдей беделде); әскери (толық рыцарьлық қаруды қоспағанда); аңшылық (әскериге жақын, бірақ қорғаныс сипатында емес).

Жалпы эволюция тек прогрестің кезеңдерін анықтайды, бірақ өзгерістердің әртүрлілігін ешбір жағдайда ескермейді. Сән әлемі мен киім дизайн өнері дамуының өрлеу барысында еріксіздігімен бірге жаңа сапада жанданып, жойылып, қайта жаңғырып жатқан процестің шексіздігі көрінеді. Ретроспективті талдау нәтижесінде қазіргі заманғы костюм дегеніміз белгілі бір ортада орындылығы мен өзектілігіне байланысты даралықты, композицияның тұтастығын және пішіндердің толықтығын білдіретіні анықталды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Маргулан, А. Х. Культура казахского народа в XV-XVII веках [Текст] / А.Х.Маргулан // История Казахской ССР.- Алма-Ата, 1957. - С. 180–218.
2. Захарова Ирина Витальевна, Ходжаева Рукия Дианатовна (1964) Казахстанская национальная одежда (XIX – начало XX века) Наука, Алма-ата.
3. <https://the-steppe.com/razvitie/kak-v-stepi-po-odezhke-vstrechali-istoriya-kazahskogo-nacionalnogo-kostyuma>
4. Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 384 бет, суретті.
5. Леонтьев А.А. Обычное право киргиз // Юридический вестник. – 1890. – № 5, кн.1-2. – С. 114-139.
6. История первобытного общества: эпоха первобытно родовой общины / Под ред. В.П. Алексеева, А.И. Першиц. – М., 1986. – 359 с.
7. <https://shygystanu.kz/archives/2689>
8. <https://e-history.kz/kz/news/show/2143>
9. <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=18843>
10. <https://warriors.fandom.com/ru/wiki/%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D0%B8>

**Бекбаулиева Гүлденай Мұхтарқызы  
Ә.Қастеев атындағы МӨМ музейлік  
педагогика және жобалық қызмет  
бөлімінің маманы**

## **МУЗЕЙ КЕЛУШІЛЕРІНІҢ ӘРТҮРЛІ САНАТТАРЫНА ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖРИБЕСІ**

Экскурсия музейдің мәдени-ағартушылық қызметінің дәстүрлі формасы болып табылады және осы салада басымдылыққа ие. Музей экскурсиясының маңыздылығы мен қажеттілігі оның экспозиция мен келуші арасындағы байланыс орнатуында. Тек экскурсия кезінде ғана экспозицияның мазмұны – оның идеялары, эмоционалды лейтмотивтері, экспонаттардың ақпараттық әлеуеті жеткілікті түрде ашыла алады. Осылайша, экскурсия музей коммуникациясының жетекші арналарының бірі ролін атқарады.

Музей экскурсияларының пайда болуын музей құрыла бастаған кезге жатқызуға болады: бұл коллекцияны сақтаушының немесе оны жетік білетіндердің көпшілікке өз білімімен бөлісіп, түсіндіруінен басталады. ХХ ғасырда экскурсиялардың танымалдығы бірнеше есе өсті, экскурсиялық қызметті кәсібилендіру анықталды, ал бүгінде көптеген келушілердің санасында музей экспозициясы мен оған экскурсия музеймен танысудың бөлінбес тәсілі ретінде орнықты.

60-шы жылдардың аяғы экскурсовод қызметі жеке-дара мамандық болып саналмады, бұл энтузиаст топтар үшін бос уақытта айналысатын әуесқойлық іс-әрекеттің бір түрі болды. Экскурсоводтың міндеттерін әр түрлі білім салаларының мамандары өздерінің негізгі қызметінен қол үзбей орындады (педагогтар, музейдің, институттардың ғылыми қызметкерлері және т.б.). Тек бірнеше экскурсиялық бюролар мен жекеменшік музейлерде штаттық экскурсоводтар болды. Алайда, сол кездің өзінде-ақ бұл жұмыс кәсіби сипатқа ие бола бастайды. Жаңа мамандықтың пайда болуы 1969 жылы елдегі туризм мен экскурсияны дамыту бойынша директивалық органдар қабылдаған шаралармен байланысты. Экскурсиялардың функцияларын өзгерту, оларды демалыс түрінен еңбек ұжымдарында, жұмысшылардың тұрғылықты жері бойынша және туристермен мәдени-тәрбие жұмысының түріне, халыққа қызмет көрсетудің ірі саласына айналдыру экскурсоводтардың ролін арттыруға, жаңа мамандықтың одан әрі қалыптасуына ықпал етті. 1940 жылы экскурсовод ол экскурсия жетекшісі, музейлерде экскурсанттарға көрмеге қойылған заттарды көрсететін және қажетті түсініктемелер беретін қызметкер ретінде анықталды, 70 – ші жылдары адамдарға білім беру сеніп тапсырылғандардың бірі болды, экскурсовод мұғалім және тәрбиеші ретінде қарастырыла бастады. Экскурсовод экскурсияның орталық тұлғасына айналды [1, 45 б.].

Біраз уақыт бойы экскурсияны көп қырлы құбылыс ретінде зерттеу, оның мәні мен ерекшелігін түсіну, экскурсиялық әдістемені әзірлеу экскурсия және музей мамандарының басты жұмысына айналды. Экскурсиялар мен оларды өткізуді жетілдіруге байланысты мәселелер музейлердің ғылыми-әдістемелік жұмысында маңызды болып қала береді. Дегенмен, қазіргі уақытта осы мәселеге қатысты бірқатар проблемалардың шешімін табу қажеттілігі туындауда:

- бұл келушілер арасында музей экскурсияларының танымалдылығының төмендеу тенденциясы бар, олардың көпшілігі экспозицияларды өз бетінше қарауды қалауы;

- музей экскурсияларының сапасы көбінесе әдістемені меңгеруден гөрі экскурсоводтардың жеке қабілеттеріне байланысты;

- музей экскурсияларының әдістемесі қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдай мен жаңа ғылыми тәсілдер тұрғысынан музейтануда арнайы тақырып ретінде ашылып, қаралған жоқ.

XX ғасырда экскурсиялық қызметті дамыту барысында дәстүрлі түрде келесі негізгі белгілерге жіктелген экскурсиялардың көптеген түрлері дамыды:

- өткізу орнына байланысты – экспозиция, музей қоры, аумақ бойынша. Экспозицияны және музейдің басқа бөліктерін, көрсететін кешенді экскурсиялар кездеседі, мысалы, қорық аймағын.

- қамту кеңістігіне байланысты. Экскурсияларды сипаттау үшін көбінесе шолу экскурсиясы (барлық музей бойынша) және тақырыптық (белгілі бір мәселеге арналған) сияқты терминдер қолданылады.

- нақты бағыты бойынша: әртүрлі оқу орындарының бағдарламаларымен тікелей байланысты мәдени-ағартушылық (жалпы білім беру) экскурсиялары. Сондай-ақ, қорларды сақтау, экспозиция құру, экскурсия жүргізу және т. б. ерекшеліктерімен таныстыратын музейтану сипатындағы әдістемелік экскурсияларды да атап өтуге болады.;

- экскурсанттардың құрамы бойынша: балалар немесе ересектер аудиториясына, жергілікті тұрғындарға немесе туристерге, құрамы бойынша біртекті немесе гетерогенді топтарға (мысалы, балалары бар ата-аналарға) экскурсиялар" [1, 61 б.].

Поправко Е.А. экскурсияларды келесідей бөледі: 1) мақсаты бойынша; 2) бейіні бойынша; 3) тақырыпты қамтудың кеңдігі бойынша ; 3) экскурсанттардың құрамы бойынша (жасы, әлеуметтік құрамы, тұрғылықты жері).

Сондай-ақ, автор музейдің келушімен қарым-қатынас жасауының бірқатар әдістерін бөліп көрсетеді. Осындай әдістердің бірі-эвристикалық әдісті " (грек тілінен. "bridkw" – "табылды") сұрақ-жауап түрінде сөйлесуді ұсынады. Экскурсовод материалды баяндағанда келушілерді сұрақ қойып, оған жауап алуға икемдейді. Бұл экспозиция материалын өздігінен игеру әсерін тудыра отырып, экскурсоводқа көмекші рөлін атқартады. Тікелей, нақты тұжырымдалған сұрақтар тек балалар аудиториясына беріледі. Ересек аудиторияға сұрақтар жанама түрде қойылуы керек, бұл экскурсияға қатысушыларды ақпарат пен ойларымен бөлісуге шақырады".

Тәжірибе көрсеткендей, экскурсиялық топтың сипаттамасында қабылдау мен қарым-қатынас процестеріне әсер ететін жас ерекшелігі маңызды.

Музей экскурсанттарының негізгі жас санаты, өздеріңіз білетіндей, мектеп оқушылары болып табылады, сәйкесінше бұл экскурсиялық әдістемеге ерекше қызығушылық бар. Балалардың экскурсиясында ағартушылық және тәрбиелік компоненттерді бірге қамтитын ерекше тұжырымдама болуы керек екені анық.

Балалар аудиториясына арналған экскурсияларды екі топқа бөлуге болады – мектептегі және мектептен тыс. Олар бір-бірінен міндеттерді, тақырыпты, әдістемесі жағынан ерекшеленеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған экскурсиялар. Бұл жастағы келушілерге ойын ретінде экскурсия өткізу тән болғандықтан, музейдегі барлық экскурсияларда ойын әдісі қолданылады [2, 68 б.].

Мектеп экскурсиялары өз кезегінде үш түрге ие: оқу уақытында өткізілетін сабақтар; сыныптан тыс, сабаққа дейін және одан кейін өткізілетін сабақтар және сыныптан тыс – факультативтік. Сабақтағы және сабақтан тыс экскурсиялар білім беру сипатына ие, олардың мазмұны мектептің белгілі бір сыныбының оқу бағдарламасымен байланысты. Бұл экскурсияларды жалпы білім беретін мектептердің педагогтары өз пәні бойынша жұмыс жоспарына сәйкес жүргізеді. Мектеп экскурсиясының мақсаты – белгілі бір пән бойынша оқу бағдарламалар меңгеру. Мектептен тыс экскурсиялар балалар мен жасөспірімдердің мәдени көкжиегін кеңейтуге, жасөспірімдерді тәрбиелеуге, оларды патриоттық, жоғары мораль, еңбекке деген сүйіспеншілік пен құрмет рухында тәрбиелеуге, жан-жақты үйлесімді тәрбиелеуге бағытталған.

Музей аудиториясының барлық жас санаттары үшін басты бір ортақ мәселе тән: "экскурсоводтың топпен қарым-қатынас жасауға бейімділігінің көрсеткіші оның экскурсия барысында диалогты құруға мүмкіндік беретін сұрақ-жауап әдісін меңгеруі болып табылады. Топқа бағытталған сұрақтарды, экскурсияға қатысушылардан тікелей жауап алуға бағытталған тікелей және жанама деп екіге бөлуге болады. Алғашқысы көбінесе, балалар аудиториясымен – мектеп жасына дейінгі балалармен

және бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауда қолданылады, олар үшін экскурсия үздіксіз диалог түрінде жүргізіледі. Онда экскурсовод үшін балалардың белсенділігін, оның ішінде сөйлеу белсенділігін ұйымдастыру, оларға сұрақты тыңдай білу дағдысын қалыптастыру, жауаптарын беруге мүмкіндік беру, дұрысын таңдау, өз ойларындағы сұрақтарын қоюға жағдай жасау маңызды болып саналады. "

Кез-келген экскурсияның тиімділігі көбінесе оны жүргізу техникасына, әдістеме мен жүргізу тәсілі арасындағы байланысқа байланысты. Экскурсия техникасына бірқатар талаптар қойылады. Оларға экскурсоводтың топпен өзін таныстыруы, объектінің жанында топты дұрыс орналастыру, экскурсоводтың өзін-өзі ұстауы, жалпы экскурсияға бөлінген уақытты сақтау және жеке ішкі тақырыптарды ашу, экскурсанттардың сұрақтарына жауаптар және т. б.

Коммуникативтілік – экскурсияның маңызды белгілерінің бірі. Экскурсияның сәттілігі көбінесе экскурсоводтың көрермендермен қарым-қатынас орнатуға, өзара түсіністік орнатуға қаншалықты қабілетті екендігіне байланысты.

Экскурсиялық байланыс көбінесе ұжымдық сипатқа ие, себебі топтық экскурсиялар жиі ұйымдастырылады. Бұл экскурсияның оң және теріс жақтары да бар. "Экскурсияға тән топтың бірлігі, ортақ мақсат, пікір алмасу мүмкіндігі және, кем дегенде, тәжірибенің ортақтығы экскурсияға қатысушыны рухани байытады, терең эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, көргендерін және естігендерін қабылдауға және игеруге ықпал етеді. Экскурсия әдісі топ мүшелерінің жеке сұрауларын да елеусіз қалдырмай, сондай-ақ ұжымдық ағартуға да мүмкіндік береді. "

Экскурсиялық топтарды әдетте бірнеше негізгі белгілері бойынша ажыратады: жасы, әлеуметтік, кәсіптік, ұлттық ерекшеліктері, білімі, тұрғылықты жері және т.б. Топтардың әрқайсысы ерекше тәсілді қажет етеді. Осыған байланысты экскурсиялық әдістемеді "дифференциаланған тәсіл" ұғымы бекітілді, яғни әдістемелік тұрғыдан экскурсия экскурсанттардың осы санатының сипаттамаларын, олардың қызығушылықтары мен психологиялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде жасалады. Тәжірибе көрсеткендей, экскурсиялық топтың сипаттамасында қабылдау мен қарым-қатынас процестеріне әсер ететін жас ерекшелігі маңызды.

Экскурсанттардың классификациялық топталуы. Классификациялық топтау дегеніміз – заттардың, құбылыстардың, ұғымдардың жалпы белгілеріне байланысты сыныптар, бөлімдер, разрядтар бойынша таралуы. Экскурсияларды жіктеу мәселесі әрдайым экскурсия қызметкерлері мен экскурсия ғалымдарының назарында болды. Бұл мәселені шешудің алғашқы әрекеттері 20-шы жылдардың аяғынан басталады. Экскурсионист-ғалым В. А. Герд экскурсия формаларын топтар мен кіші топтарға жіктеу және экскурсияның сипатын анықтайтын негізгі белгілерді бөліп көрсету нұсқасында, жетекшіге оны дамытудың барлық мәселелерін шешуге көмектесетін жолдарын көрсетті. Осы топтардың әрқайсысына экскурсиялық материалды беру барысында - іс-шаралардың мазмұнын, оларды өткізу әдістемесі мен техникасы, сондай-ақ олардың ұзақтығы бір-бірінен ерекшеленеді [1, 89 б.].

Қазіргі уақытта экскурсия қызметкерлері экскурсанттарды бірнеше топқа жіктейді. Олардың әрқайсысына жеке тоқтала кетейік.

Жіктеудің бірінші түрі. Бұл классификация бойынша осы экскурсиялық мекеме жүргізетін барлық экскурсиялардың қатысушылары белгілі бір топтарға кәсіби біліктілігі, білімі немесе жасы бойынша емес, адамдардың экскурсияға деген көзқарасына байланысты ұсынылатын қызмет түрі ретінде бөлінеді. Мұндай топтарға адамдардың экскурсияға демалыс түрі ретінде келуі тән. Жіктеудің бұл түрі экскурсанттардың үш негізгі түрін қамтиды. Бірінші. Оған көп нәрсені білгісі келетін ең ізденімпаз адамдар кіреді, ал экскурсоводтар оларға ғылым, өнер, сәулет туралы барлық жаңа нәрселерді айтып, ең қызықты нысандарды көрсетуі керек. Бұл экскурсияларда әдетте адамдар өте көп жиналады. Бұл топқа табыс деңгейі, білімі, жасы бойынша әр түрлі адамдар кіреді. Бірақ олардың барлығына тән бір нәрсе ол – білім алуға деген ынта. Оларды кез келген тақырып қызықтырады.

Екінші санат. Бұған кең ауқымы білімі бар және білім салаларының біріне, әдебиетке, өнерге белгілі бір қызығушылық танытатын адамдар кіруі мүмкін. Көбінесе олар алдыларына өз білімдерін толықтыру немесе оларды қызықтыратын мәселе

немесе тақырып бойынша өз көзқарастарын нақтылау міндетін қояды, сондықтан олар алдағы болатын экскурсияның тақырыбын мұқият таңдайды. Осы санатқа жататын экскурсияға қатысушыларды "менің көзқарасымды нақтылаңыз" деп атауға болады. Мұндай экскурсанттар, бірінші топтан айырмашылығы, экскурсияларға өздерінің мәдени бос уақытын пайдалану нысаны ретінде емес, тек белгілі бір тақырып бойынша қызығатын сұрағына жауап беретін экскурсиялар керек. Осы топқа қатысушылармен жұмыс экскурсия тақырыбын, ауқымын, нақтылығын үнемі кеңейтуді талап етеді.

Үшінші санат. Оған бос уақытын мүмкіндігінше нақты бір белгілі мақсатсыз, қызықты көріністермен толтыруға тырысатын адамдар кіреді. Сондықтан, экскурсияның басында олар әдетте қатысуға таңдаған іс-шараның мәнін толық түсінбейді. Алайда, экскурсия барысында мұндай топтар да өзара іріктеле бастайды. Экскурсоводтың әңгімесіне құмар, шоу объектілеріне қызығушылық танытқан экскурсанттардың бір бөлігі іс-шараның белсенді қатысушылары болады. Басқалары сыпайы қызығушылық танытады немесе экскурсияға деген немқұрайлылығын жасырмайды.

Жіктеудің екінші түрі. Мұнда экскурсанттардың топтарға бөлінуі анағұрлым күрделі белгілер бойынша жүреді. Бірінші белгі-экскурсиялық топтардың жасына қарай бөлінуі. Жасын ескере отырып, экскурсиялық топтар құру (балалар, жастар, орта жастағы адамдар, зейнеткерлер). Жас топтарына арналған экскурсиялар бір-бірінен ұзақтығы бойынша, материалды ұсыну әдістемесі бойынша, мазмұны бойынша ерекшеленеді. Екінші белгі – экскурсанттардың кәсіп түрі. Экскурсияларды жіктеуге негізделген бұл белгі әртүрлі кәсіптердегі адамдар, жұмысшылар, мұғалімдер мен дәрігерлер, орта тап, шенеуніктер және т.б. үшін жеке топтар құруға әкеледі. Осы негіздегі жіктеулер экскурсияларды дайындау процесіне, оларды жүргізу әдістемесіне айтарлықтай әсер етеді. Тіпті бір тақырыптың ішінде әртүрлі топтарға арналған экскурсияның мазмұнына белгілі бір өзгерістер енгізіледі. Егер бұл тақырып ересектер мен балалар топтары үшін бөлек ашылса, оларды жүргізу әдістемесі де өзгереді. Бұл түрдің жіктелуі экскурсоводтардың кімнің біліктігін қажет етеді.

Жіктеудің үшінші түрі. Бұл түрге қатысушылардың даму деңгейімен, олардың білім беру дайындығымен ерекшеленетін әртүрлі топтар үшін жүргізілуі керек экскурсиялар кіреді. Қатысушылардың даму деңгейін, олардың дайындық дәрежесін есепке алу мазмұны бойынша тереңірек экскурсиялар жүргізуге мүмкіндік береді, әр түрлі күрделілік дәрежесіндегі материалдарды ұсынудың негізі болып табылады. Экскурсанттардың осы классификациясының әртүрлі аудиториялары үшін экскурсиялардың басты айырмашылығы-іс-шараның мазмұны, қатысушыларға ұсынылатын көрнекі және ауызша материалдар.

Юхневич М. Ю. былай дейді: "музей экскурсиялары әртүрлі, бірақ сонымен бірге оларды жіктеу оңай. Олар былай бөлуге болады: профиль бойынша – тарихи, әдеби, өнертану, жаратылыстану ғылымдары және т. б.

Кез-келген мамандық түрі – адамнан белгілі бір дәрежеде білім мен біліктілікті, еңбек дағдыларын талап етеді. Бұл білім мен дағдылар жалпы немесе арнайы білім беру арқылы және қызметкердің күнделікті тәжірибесі барысында каланады [2, 85 б.].

Мамандық талаптары. Өзі үшін экскурсовод мамандығын таңдағандарға бірқатар талаптар бар. Олардың ішінде: мәдени-тәрбие жұмысына қатысуға бейімділік; экскурсияның маңыздылығын және тәрбие процесіндегі өз рөлін түсіну; мамандық алдындағы өз борышын сезіну; бір немесе бірнеше экскурсиялық тақырыптар бойынша жақсы дикцияның, белгілі бір білімнің болуы; өз білімдерін үздіксіз толықтыру және жетілдіру; жаңа сезім; жұмыста бастама және шығармашылық іздеу; экскурсанттардың қызығушылықтары мен сұраныстарын терең зерттеу; халықтың әртүрлі топтарына қызмет көрсетуге сараланған көзқарас; жұмыста және мінез-құлықта тәрбиелік, жоғары мәдениет, сыпайылық, экскурсанттармен қарым-қатынаста әдептілік; экскурсиялар жүргізу әдістемесін меңгеру; өз кәсібіне деген сүйіспеншілік.

Әрбір экскурсовод тек өз мамандығын ғана емес, сонымен қатар педагогика мен психологияның негіздерін де білуі керек. Сондай-ақ, экскурсоводтың өз жұмысын

талдай алуы, экскурсияға объективті баға бере алуы, өзіне деген әділ баға бере алуы, өзіне талап қоя алуы маңызды. Экскурсоводтың мамандығы белгілі бір практикалық дағдыларды игеруді қамтиды. Бұл дағдылар оған өз білімін таңдауға, тұжырымдауға және кең аудиторияға тиімді жеткізуге мүмкіндік береді. Экскурсовод мамандығын таңдаған әрбір қызметкер: қажетті нақты материалды таңдап, зерттеп, белгілі бір тақырыпқа экскурсияның жеке мәтінін дайындап, әдістемелік әзірleme жасап, тәжірибеде әдістемелік әдістерді қолдана білуі, "экскурсовод портфолиосының" көрнекі материалдарын қолдана білуі, тәжірибелі экскурсоводтардан нұсқаулық экскурсиялар алуы тиіс [3, 111 б.].

Экскурсиялық іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері әрдайым өзекті болып қала береді. Бұл тақырып отандық әдістемелік әдебиеттерде жеткілікті дәреже зерделенген жоқ. Қазіргі уақытта экскурсиялық жұмысқа сұраныс көбейді, өйткені бұл тұлғаның мәдени-сауаттылық деңгейінің артуына көмектесетін жетекші формалардың бірі болып табылады. Алайда, экскурсияны дайын мәтін мен құрылған маршрут бойынша ғана жүргізіле слатын қарапайым қызмет түрі ретінде қарастырылмауы керек. Экскурсант тұрғысынан сапалы экскурсия – бұл онда тек ақпаратты жеткізу ғана емес, сонымен қатар экскурсоводтың экскурсия процесін әңгімелей және қызықты түрде көрсете алуы.

Осылайша, біз әр түрлі санаттарға арналған экскурсиялар барысында қолданылатын қағидаттары мен ерекшеліктерін көрсете отырып, экскурсиялық әдістемені қарастырдық. Алайда, біз экскурсиялық әдістердің тек аз ғана бөлігін сипаттай алдық. Әрине, онда қолданатын әдістер ғана емес, сөйлеу мәдениеті, жалпы білім деңгейі, сырт келбет, ишара мен эмоционалды күй де маңызды. Бірақ атап өтерлік жәйт, осы барлық детальдар бола тұра, әдістемелік базасы әртүрлі санаттағы келушілер үшін дайындалмаса сапалы экскурсия шықпайды. Сол себепті, әр экскурсовод үшін музейге келуші аудиторияны зерттеу және оларды ерекшеліктеріне қарай танымды, әрі қызықты экскурсияны дайындау маңызды.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. - М., 2002.
2. Анциферов Н.П. Теория и практика экскурсий по обществоведению. – Л., 1926.
3. Столяров Б.А. Педагогика художественного музея: от истоков до современности. – СПб., 1999.



**Вологодская Виолетта Александровна**  
Руководитель отдела  
Зарубежное искусство  
ГМИ РК им. А. Кастеева  
Казахстан, Алматы

**ПРОИЗВЕДЕНИЕ ГОЛЛАНДСКОГО ХУДОЖНИКА 17 ВЕКА  
АДРИАНА ВАН ОСТАДЕ  
«ДЕРЕВЕНСКИЙ РЫНОК» В СОБРАНИИ  
ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ ИСКУССТВ  
ИМ. АБЫЛХАНА КАСТЕЕВА**

Среди картин западноевропейского искусства 17 века, хранящихся в ГМИ РК им. А. Кастеева, одно из видных мест занимает по своим художественным достоинствам произведение бытового жанра «Деревенский рынок» яркого голландского художника Адриана ван Остаде. В голландском искусстве он был одним из крупнейших представителей национальной школы, выдающимся мастером реалистического направления, художником чья жизнь и творчество свидетельствовали об упорном труде и настойчивых поисках на пути реализма. Победа буржуазной революции в Северных Нидерландах привела к образованию самостоятельного государства – Республики семи провинций – Голландии (по названию самой значительной из них). Главным объектом искусства здесь была окружающая действительность, никогда ранее не находившая такого полного отображения в произведениях мастеров других национальных школ. Основным заказчиком произведений искусства были бюргеры, горожане, поэтому большинство голландских картин было написано в среднем или малом формате. Бытовой жанр, считавшийся в монархических странах жанром низшим, в буржуазной Голландии сделался излюбленным. Он делился на сцены из жизни разных слоёв общества – крестьян и зажиточных бюргеров, военных и ученых, врачей и «веселого общества». Адриан ван Остаде утвердил в искусстве Голландии образ самого демократичного героя – крестьянина.

Главной темой его творчества были жанровые сцены из повседневной жизни голландских крестьян. «Деревенский рынок» (1613-ж) художника – один из небольших шедевров бытового жанра. Размер полотна, выполненного масляными красками на дублированном холсте – 65x88,5 см. Художник изображает окружающую действительность – перед зрителем деревенская улочка, на которой ведётся торговля с прилавков, окруженных плетёными корзинами, с телегой запряженной лошадкой в центре полотна. Рынок не только место купли продажи, но и место общения. Здесь мы видим торговцев и покупателей, ремесленников, женщин с детьми и просто зевак, люди идут вдоль лавок – смотрят, общаются, торгуются, продают и покупают, все они увлечены каким-то делом или разговором. Сюжет наполнен настроением умиротворения. С проникновенностью написан живой образ голландского деревенского общества.

Картина отличается тщательностью исполнения в соединении пейзажа с мощными зелеными кронами деревьев, низким небом и клубящимися облаками с жанровой сценой в деревне. Высокое живописное



*Адриан ван Остаде (1606 – 1685)*  
*Деревенский рынок. Холст, масло. 65x88,5*

мастерство, оптимистический характер, мягкий лиризм, спокойная повествовательность придают обаяние сюжету, оправдывая не самый значительный мотив. В этом небольшом по формату произведении художник продумывает композицию, используя часто применяемый приём диагонального построения, хорошо выражающий идею движения; чередования полос света и тени, облаков и голубого неба, диагональ дороги, подчёркивает глубину пространства. Колорит картины ограничен диапазоном нейтральных голубовато-серых и теплых коричневых натуральных оттенков, оживляемых зеленым в кронах деревьев и ноткой яркого цвета в одежде персонажей. Масштаб фигур небольшой. Но художник мастерски находит средства показать слияние фигур людей и окружающего пространства деревни. Мягкая светотень передаёт атмосферу спокойного, мирного действия. Несмотря на грубоватость персонажей, картина производит впечатление правдивого рассказа об увиденном непосредственно в жизни событии. Голубое небо и теплый равномерный свет выражают гармонию, успех и процветание маленькой голландской деревушки. Воздушная перспектива и единая световоздушная среда создают необходимую целостность впечатления. С сердечностью и проникновенностью написан художником живой образ крестьянского общества своей страны.

В фонд зарубежного искусства ГМИ РК им. А. Кастеева, согласно Акту поступления, эта картина поступила в 1961 году от частного лица, как произведение фламандского художника 17 века круга Тенирса. Такого рода приобретения совершались лишь с рекомендации крупных представителей сферы искусства. По представлению старейшего реставратора Эрмитажа Алексея Брянцева было рассмотрено приобретение этой картины у гражданина Шибанова А.Г., Ленинград. Немногочисленные найденные упоминания о нем из личных воспоминаний о жизни Бориса Грибанова: «Из всех приемщиков картин, которых я узнал, только двое разбирались в живописи: Владимир Шибанов из комиссионного магазина в доме 7 по Невскому проспекту и Василий Фролов из магазина в доме 102 по той же улице. ... Магазин, в котором работал Шибанов, был расположен рядом со зданием Адмиралтейства и моей лабораторией. Возвращаясь с работы, я почти каждый вечер посещал его, так и познакомился с Шибановым. Оказалось, что Владимир – тоже военный моряк, всю войну прослуживший в Кронштадте. Мы быстро нашли с ним общий язык и подружились. Впоследствии познакомились наши жены, и мы стали дружить семьями. Его отец, довольно известный художник и коллекционер Александр Георгиевич Шибанов, прославился тем, что запечатлел в живописи пушкинские места. Владимир познакомил меня с ним. ... Владимир, на мой взгляд, был самым сведущим человеком в живописи из тех, кто торговал картинами в Ленинграде. Дома он имел небольшую справочную библиотеку по живописи. Много знаний Владимир получил от отца, который хорошо разбирался в русской и западной школах живописи. У отца была хорошая коллекция картин, так что Владимир рос среди произведений искусства, в обществе коллекционеров и художников. Его отец собирал картины преимущественно западной школы, очень любил англичан и французов. ... После войны в Ленинграде коллекционеров картин было много. Большинство из них собирали русскую школу, и только несколько человек – западную. Западная живопись стоила в несколько раз дешевле русской. Хорошего голландца XVII века на доске можно было приобрести за 300-400 рублей. Дороже всего стоили работы Айвазовского и Левитана, недешев был и Шишкин. В Москве картины оценивались почти вдвое дороже, чем в Ленинграде» [1]. Предположительно именно у Александра Георгиевича Шибанова и была приобретена бытовая жанровая картина «Деревенский рынок» неизвестного фламандского художника позже переатрибутированная сотрудниками музея. Согласно выдержке из Карточки научного описания: «При экспозиции 1961 года была определена (под вопросом), как произведение голландского художника 17 века Изаака ван Остаде. Искусствовед Ксения Михайловна Малицкая, Заслуженный деятель искусств РСФСР (1962), сотрудник ГМИИ им. А.С. Пушкина, специализировавшийся на искусстве Испании, приглашенная музеем для консультации по произведению фонда, предположила возможным приписать авторство картины Изааку ван Остаде, так как при фотографировании в левом нижнем углу была обнаружена ранее не замеченная, плохо читаемая подпись: V. Ost(ort) 16(4/7)» [2].

Изаак ван Остаде (1621-1649) – был учеником своего брата Адриана ван Остаде, основой его творчества была преданность принципам реализма. «Изаак рано обрёл самостоятельность проявив интерес к пейзажу и крестьянской жизни на широком фоне голландской природы. В своих ранних произведениях, выполненных в конце 1630-х годов находился под влиянием творчества брата. Существует целая группа настолько близких между собой работ учителя и ученика, что определение их подлинного автора до сих пор является одной из наиболее сложных и спорных проблем школы Остаде» [3]. Необходимо отметить, что цифры, расположенные справа от подписи, дают возможность предположить, что это дата создания произведения: 167... «В естественных условиях, от «усиленного чтения», первой исчезает в подписи, как правило, дата, особенно её последние цифры» [3]. В этом случае полотно не может принадлежать младшему брату, поскольку даты его жизни 1621-1649 годы. Возникает гипотеза, что эта работа принадлежит кисти старшего Адриана ван Остаде. Об этом так же упоминается в карточке научного описания, подписанной сотрудником музея И. Кучис. «По времени создания работа должна принадлежать Адриану ван Остаде. В связи с тем, что его брат Изаак уже умер. Так же в пользу Адриана свидетельствует манера изображения детей, крон деревьев, женской фигуры с ребенком на руках на первом плане, что типично для метода Адриана ван Остаде» [1].

Адриан ван Остаде, художник создавший за свою жизнь более 800 картин, 50 офортов, сотни рисунков и акварелей. Он родился и вырос в городе Харлем в Голландии в семье ткача. Год рождения художника 1610 – первый мирный год в жизни молодой республики после 40 лет буржуазно-демократической революции. Из этой борьбы Голландия вышла победительницей и стала создавать прогрессивные для своего времени формы ведения хозяйства и передовую культуру. Живописи Адриан ван Остаде учился в мастерской Франса Халса. «Созданный Халсом образ человека отличался прежде всего необыкновенной жизненностью, динамичностью характера и глубокой правдой» [3]. Хальс впервые запечатлел в изобразительном искусстве национальный характер голландского народа. Он утверждал в живописи принципы последовательного реализма. Также большое влияние на формирование стиля Остаде оказал художник жанрист Андриан Брауэр, работавший с ним в одной мастерской. Его небольшие, темпераментно исполненные жанровые сценки из быта гаарлемских кабачков, имели успех у публики. Необходимо отметить, что творчество раннего Остаде это личный опыт, хотя и близкий творчеству Брувера. Как писал Эжен Фромантен, французский живописец, писатель, историк 19 века: «Голландская живопись ... была и могла быть лишь портретом Голландии, выражением ее внешнего облика, верным, точным, похожим, без всяких прикрас». Адриан ван Остаде стремился в творчестве к расширению социального содержания в рамках бюргерской эстетики. Он отстаивал право крестьянского бытового жанра на равное место среди других жанров в изобразительном искусстве. Художник впервые увидел и показал индивидуальное лицо крестьянина, его типаж, характер, неповторимые особенности его быта и нравов. Именно эту жизненность типажа впоследствии вспоминал Винсент ван Гог. Наблюдая во время своего путешествия сельских жителей Голландии, но отмечал что встретил «среди них массу остадовских типов, физиономий, которые напоминают свиней или ворон ...» (Verzamelde brieven van Vincent van Gogh, Amsterdam – Antwerpen, 1955, 2, стр. 286-287) [3].

Жизненность и правдивость творчества Адриана ван Остаде была наработана в течении всего его долгого и трудоемкого пути, во время которого он неустанно совершенствовался и не переставая искал методы творческого выражения. В своих ранних работах 1630-х годов художник писал сюжеты, уже заслужившие внимание и интерес зрителя – «драки», «попойки» и «карточные игры», в которых художник отражал увиденные события, но не подлинные человеческие переживания крестьян. Одним из главных художественных средств раскрытия простого крестьянского быта стало для художника гротескное преувеличение, граничащее с карикатурностью. Но уже этот период его творчества демонстрирует высокий уровень его мастерства. В 1634 году он вступает в гаарлемскую гильдию живописцев.

К началу 1640-х в творчестве художника появляются попытки выйти за пределы свойственной тематики и найти художественные средства, чтобы раскрыть духовный мир нового героя, показать его душу. Тем более, что в голландском искусстве в этот период назревает потребность в более глубокой, индивидуальной характеристике человека – гражданина первой в Западной Европе буржуазной республики.

Гений Рембрандта стал мощным толчком для поиска новых тем и форм их выражения, поворотным моментом в развитии голландского реализма в сторону психологического углубления образа посредством композиции и светотени. Этот период стал новым этапом и для Остаде. «Художник постепенно изменяет взгляд на крестьянскую жизнь. Круг его наблюдений расширяется, в творчество входят новые темы – деревенский праздник, мирная беседа у камина, занятия музыкой, портрет, пейзаж, интерьер. Во всех этих темах художник продолжает оставаться мастером крестьянского бытового жанра» [3]. Работы именно этого периода сыграли важную роль в развитии бытового жанра. Художник привлёк ими внимание голландского общества к миру мыслей и чувств простого народа и способствовал утверждению в крестьянском жанре образа положительного героя.

Мир героев Адриана ван Остаде 1650-х годов это мир «добропорядочной» голландской семьи. В этом мире уюта создаётся особая задушевность, спокойствие. Меняется и композиционное построение картин – используется повествовательный фриз в построении полотна «Деревенский праздник», симметричная композиция в картине «Деревенские музыканты». В 1650-1660-е годы художник разрабатывает оригинальные композиционные построения жанровой картины. Многофигурную композицию делит на четкие группы, освещая передний план падающим ярким светом слева, а в глубине размещает вторую группу и более слабый источник света (окно, камин), выявляющий эту группу заднего плана. Так он подчеркивает глубину и добивается органической связи с окружающим пространством. Еще один тип часто используемой композиции – крупнопланное изображение главных героев на переднем плане, поколенный вместо поясного срез, который дает возможность приблизить главных героев к переднему плану, не нарушая формата картины. Такое разнообразие композиционных приемов стало возможным в связи с применением более совершенных средств светотени и колорита. Художественный образ тоже эволюционирует, художник стремится найти и подчеркнуть типическое. «Остаде использует малейшую возможность. Чтобы подчеркнуть видовое сходство и типический характер, индивидуальное не волнует его более» [3]. В 1646 и в 1661 годах Адриан ван Остаде назначается комиссаром, а в 1662 году деканом гильдии Святого Луки, что говорит о возрастании его авторитета и уважении к нему его товарищей.

На последнем этапе творчества он переходит к более естественному высветленному колориту, в котором вновь оживают локальные цвета, и к прозрачной, нежно обволакивающей фигуры людей и предметы светотени. Его рассказ приобретает характер неторопливого, обстоятельного повествования, часто задерживающегося на деталях, но никогда не теряющего из виду и целое. Круг тем остаётся прежним, но содержание значительно сужается. Можно предположить, что в соответствии с характеристиками творчества художника по десятилетиям, именно к этому творческому периоду мастера можно отнести картину «Деревенский рынок» из музейного фонда ГМИ РК им. Абылхана Кастеева. Позже в 1670-е годы появляются произведения, своеобразные по своей живописной манере, но в целом поступательное движение в творчестве художника замирает.

О необыкновенном трудолюбии художника свидетельствует не только почти тысяча живописных произведений, но и многие сотни рисунков и ряд офортов. Остаде – офортист занимает в голландском искусстве не менее видное место, чем живописец, и более значительное, чем рисовальщик. Пятьдесят офортов, созданных художником, это самый существенный, после грандиозного офортного цикла Рембрандта вклад в голландскую графику. Роль Остаде в истории голландского искусства не ограничивается его деятельностью как живописца, рисовальщика и офортиста. В своей мастерской он воспитал целую плеяду выдающихся жанровых живописцев, заложив здесь «остадовскую школу». Традиции, которой не умирали и в 18 веке, когда ряд художников

Остаде возродился в 19 веке на почве расцвета нового реализма.

В 17 веке историки искусства ставили имя Адриана ван Остаде в один ряд с именем Рембрандта. А столетием позже знаменитый его соотечественник Ван Гог, путешествуя по Голландии, отмечал, что встретил среди сельских жителей «массу остадовских типажей». Большим почитателем его искусства был Петр I, положивший начало собранию произведений художника в России, которые в настоящее время хранятся в Государственном Эрмитаже.

Стоит отметить, что несмотря на широкую известность художника и частые упоминания о его творчестве, оно еще глубоко не изучено. В начале 20 века по всем направлениям его наследия вышли значительные труды, была выпущена книга о рисунках, графическом наследии и о живописи. Государственным Эрмитажем проведена большая юбилейная выставка к 350-летию со дня рождения, включившая живопись, рисунок и офорт, к которой был издан подробный каталог-путеводитель. Но о его творчестве в целом трудно найти полную и глубокую информацию. Изучение всех его творческих сторон комплексно помогло бы более точно определить в том числе и датировку рассматриваемой картины. В настоящее время это полотно требует тщательного комплексного исследования и углубленного изучения.

Историческая миссия Адриана ван Остаде заключалась в том, что художник выступил основателем крестьянского бытового жанра, реалистично отражающего окружающую действительность. В своих произведениях он показал жизнь голландского крестьянина его быт и нравы, привычки и обычаи, его образ и облик жилища. Художник рассказал о своих героях с подлинным знанием их жизни и искренней симпатией, с позиции наблюдателя со стороны, не участника изображаемых событий, но свидетеля далеко не безразличного и менее всего бесстрастного. Все эти характерные приметы своего творчества мастер использовал и в картине «Деревенский рынок» отразив настоящее время с его противоречиями, достижениями и духовностью и полностью раскрыв высочайшее свое мастерство. Это произведение искусства является одним из сокровищ западноевропейского фонда музея. ГМИ РК им. А. Кастеева изучает и сохраняет коллекцию произведений зарубежного искусства для последующих поколений, она несомненно вызывает большой интерес и повышает уровень всей музейной коллекции.

#### **Список литературы**

1. <http://olgaimayeva.narod.ru/bng/gr02.html>
2. Карточка научного описания Адриан ван Остаде 1613-ж Фонд западноевропейского искусства.
3. Кузнецов Ю.И. Адриан ван Остаде. Выставка произведений художника к 350-летию со дня рождения. Каталог-путеводитель. –Л.: Издательство Государственного Эрмитажа, 1960. С. 25
4. Геташвили Н.В. Атлас мировой живописи. М.: Олма Медиа Групп, 2007.
5. Кузьмина М.Т., Мальцева Н.Л. История зарубежного искусства. М.: Изобразительное искусство, 1983.
6. Кузнецов Ю.И. Голландская живопись XVII века в музеях СССР№ М.: Государственное издательство изобразительного искусства, 1959
7. Путеводитель. Искусство Нидерландов, Фландрии и Голландии XV–XVIII вв. М.: Искусство, 1955.
8. Линник И. Голландская живопись XVII века и проблемы атрибуции картин. Л.: Искусство, 1980.

**Нүсіп Ақжігіт**  
**Сәндік-қолданбалы өнері бөлімінің**  
**кіші ғылыми қызметкері,**  
**өнер магистрі**

## **КӨРКЕМ АҒАШ ӨНДЕУДІҢ ЖАСАЛУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ДАМУ ҮДЕРІСТЕРІ**

Жалпы қолданыстағы заттардың көпшілігі ағаштан жасалады. Себебі ағаш қол-жетімді өңдеуге ыңғайлы материал. Кең даладағы көшпелі елдің ағашты пайдалану және өңдеудегі өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Тарихи кезеңдердегі ағаш өңдеу мен нақыштау, сабақтастық пен ескі дәстүрдің жалғасы. Заманауи жасалу әдіс-тәсілдерге қарағанда дәстүрлі өңдеудің біраз жолдары ұмытылып немесе жоғалып кеткен. Қазақтың дәстүрлі өңдеу тәсілдері қазіргімен салыстырғанда сапалы типологиясы бай.

Бұл мақалада ағаш өнеріндегі шикізаттың таңдалуы, өңделуі және көркемделу әдіс-тәсілдеріне тоқталамыз.

Әр бұйымды жасау үшін оның сапасына байланысты арнайы ағаш түрі таңдалып алынады (қамышыға тобылғы, ерге үйеңкі және қайың, домбыраға емен ағашы және т.б.). Таңдалып алынған ағашты ең алдымен кептіру кезеңінен бастайды. Кәделік ағаштың ылғалы азайып, әбден кепкенше ебімен құрғатады. Алғашында ағашты қабығын аршығаннан соң көлеңкеде біраз уақыт бойы кептіреді. Күн көзі ағашқа тура түссе, ағаш жарылып, іске жарамсыз болып қалады. Егер ағаш діңінің қалыңдығы сынық 20 см болса, құрғақ арнайы орынның астына түп жағын жоғары қарата тігінен тұрғызып қойып кептіреді. Көлденең кесіндісіне бояу жағып, кесілген жерінен 4-5 сантиметрдей шегіне сымтемірмен буып, бұрап қояды. Ылғал ағаштың қабығын аршып, өн-бойын тұтас сиырдың тезегімен сылап, көлеңке жерде кептірген немесе қабықсыз ағаш діңін көңнің арасына көміп құрғататын тәсіл де болған. Сол сияқты қазақ шеберлері ағаш дайындамаларды құрғақ құм, топырақ, ағаш үгіндісі мен құрғақ жапыраққа көміп қойып кептіреді. Бұрынғы шеберлер ағаш неғұрлым ұзақ кептірілсе, соғұрлым сапасы жоғары болады деп есептеген. Қабығын ағаш орақпен сыдырып алып тастаған ағаш шырышты, тайғанақ болады. Аталған жолдар бірегей түрлері болуы мүмкін. Аймақтың ерекшелігіне байланысты әр өңірдің ағаш шеберлері тұрқылықты жердің ауа-райы мен ылғалына байланысты өзіндік кептіру тәсілдері қалыптасқан.

Ағаштан жасалған бұйымның арнаулы өңдеуден өткізіп қолданысқа жарату жолдары өте көп. Олар бірнеше кезеңнен тұрады. Алғашқы дайындалатын заттың бетін тегістеу, оймыштап бедер салу, бояу ағаш бетін қыздырылған темірмен қару, біздің ұшымен қырып өрнек, жазу түсіру, т.б. тәсілдері пайдаланылған.

Айтылған тәсілдерді көбінесе үй жиһаздары ыдыс-аяқ түрлерін, саз аспаптарының, үй, ғимараттың ағаш бөлшектерін өңдеуге қолданған. Ол үшін әшекейленетін ағаш бетіне өрнектің нобайын біз тәрізді өткір аспаппен немесе қызған иненің ұшымен батыра сызып алып, әртүрлі мәнерде иілген темірмен қалыптарды отқа қыздырып, өрнектің бойын қуалай, күйдіріп шығады.

Қарағай, самырсын, шырша тәрізді шайырлы ағаштардан жасалған бұйымдардағы ағаштың табиғи өрнегін айқындай түсу үшін, өңделген бұйымды оттың жалынына шарпытып алса, ағаш талшықтарының шайырлы жерлері сақталып, шайыры жоқ тұстары күйіп, қарақоңыр түске еніп, жолақты табиғи өрнек пайда болады. Ертеректе шеберлер ағаш бұйымдарға ру таңбаларын, адам аттарын, ою-өрнек түрлерін қарып түсірген. Ағаш бөліктерін қатарластыра қари отырып, сарғыш қоңырдан шымқай қаратүстің арасындағы реңдерді шығарған.

**Ағаш өңдеу жабдықтары** ағаш өңдеу барысында бірінші орында тұратыны ол құрал-саймандар. Олардың қатарын төменде таныстырамыз.

Аталғы - екі қолмен ұстап, ағаштың қабығын аршитын қисық пышақ.

Байтесе - шаңырақ ағашын беттеп шауып, белгілі қалыпқа келтіретін құрал.  
Балта - өткір жүзді, ағаш шабатын сабы бар құрал.  
Жоңғы - ағаш жонатын құрал.  
Қобы - ағаштың бетін оюлап, өрнек салуға арналған аспап.  
Қолағаш - қазық, қада қағуға арналған құрал, тоқпақ.  
Қуысқұлақ - ағашты үңгіп шабу үшін, екі шетін ішіне қарай иілдіре жасаған  
Мор - үйшілердің ағашты қыздырып, ию үшін қойдың қиын тұтатып, бықсытып жаққан оты бар шұңқыр жер.  
Пышқы - араның ағаш кесетін кішірек түрі.  
Сарнақ - киіз үй сүйегіне (уық, кереге) сыздық салатын, әр жерінде тісі бар құрал.  
Сүргі - ағашты өңдеу, тегістеу үшін қолданылатын аспап.  
Сықауырын - тезге салған ағашты қатты қысып, басып тұрып, түзейтін не бүтетін ағаш құрал.  
Тез - киіз үй сүйегін: уық, кереге т.б. жасалатын ағаштарды морланғаннан кейін, түзейтін не бүтетін ағаш құрал.  
Ұңғуыр - ағашты ұңғып, белгілі қалыпқа келтіретін құрал.  
Үскі - ағашты тесетін іші қуыс біз.  
Шапашот - имек ағашқа сапталған, ағаш шабатын құрал.  
Шот - ағаш шабатын құрал; шапашот.

Қазақта «ағаш кессең ұзын кес, темір кессең қысқа кес»- дейтін мәтел бар. Ағашты көркемдеу мен өңдеудегі ең негізгі тәсілі ою немесе оймыштау ағаштың бетін ұңғитын, оятын аспаптардың көмегімен ағашты кертіп, қырнап, ұңғып, өрнекті бедер салу тәсілі. Ағаш шеберлері сүргілеу, өңдеу, майдалау, тесу, қашау, ұңғуырлау және тағы басқа жолдармен ойып, ойыштап бедерлеген. Оймыштауда ағаштың сүрегі мен жылдық сақиналарының бағыты ескеріледі: егер оймыштау бағыты ағаш талшықтарымен бір бағытта болса ұзын сүрек түседі. Ағаш оймыштаудың бірнеше түрлері бар:

Оның бірі үш қырлы ою. Ағаш бетінде бірдей көлбеулікте, тігінен ойылады. Өрнектің нобайы белгіленгеннен кейін алдымен қырларының тұсынан тігінен кертіп тіледі де, өрнектің сыртқы контурының аралығы көлбеулей қырналады. Бұл тәсілмен кесеқап, сандық беттерін безендіруде көп қолданылады.

Оның кең тараған түрі жазық бедерлі ою құрылымы күрделі болып келеді. Ағаш бетіне өрнек нобайы салынып, имекбас қашаумен ойылады да, өрнектердің аралығы фонға дейін қашаумен алынып тегістелінеді. Қиып салынған оймыштау тәсілінде ағаштың әр жерінен бәрбімен тесіп пышқымен аралап алады. Ондайды саптыаяқтың сабы, төсағаш, сандық, жұкаяқтың жақтауларынан көруге болады. Көбінесе кебеже, сандық пен абдыра беттерін екі көлбеу жақты оймыштау тәсілімен безендіреді. Ондайда өрнектің контурынан фонға, сонан кейін керісінше көлбеулеп ояды да қырын тегістейді. Бедер анық тереңірек шығады. Ағашты көркем өңдеу оймыштау тәсілдерінің бірнеше түрі қатар қолданылады. Өртүрлі әдістердің астасуы көркем форманы жандандыра отырып, композицияны байытады [1].

Дайын болған бұйымды өңдеудің соңғы кезеңдерінің бірі ағашты бояу - ағаштан жасалған затты ертеде қазақ шеберлері көбіне табиғи бояулармен сырлаған. Бояудың құрамында май болса ағашқа сіңіп, саз аспап дыбысына нұқсан келтіреді. Көбіне үй ағаштарын бояуға сарғыш түсті топырақтан алынған жосаны кең қолданған. Томар бояу, қына, рауғаш, сары ағаш, шырғанақ тағы басқа сол сияқты өсімдіктердің тамырын бояуға араластырған. Емен, тал, терек ағашының қабығы, ермен мен жусанның бүрі, жеміс ағаштарының күзде түскен жапырақтары, пияздың қабығы да бояу әзірлеуге жарамды. Өсімдіктерден бояу алу үшін шеберлер олардың тамыры, қабығы, жапырағын кептіріп, ұсақтап алып қайнатады. Басытқы ретінде аздап ас тұзын ашудас қосып, ұзақ қайнаған соң ірімтігін үзіп алып, бояудың қанжылым кезінде ағашқа бұлғауышпен жағады. Бояу біркелкі сіңу үшін, боялатын ағаш бұйымды алдынала ылғалдап алады [2].

Ағашты көркемдеудегі сәндік көркін арттыратын қосымша элемент сүйек жабыстыру немесе сүйек өңдеу. Сүйекті ағартып немесе сарғылт мөлдір түсті етіп

өңдеуге болады. Сүйекті аппақ қардай ету үшін оны қайнатып, ыстық қоламтаға көміп кептіреді, ал сарғылт түске келтіру үшін май жағып, шөптің түтініне ыстайды. Сүйек ұқсатушы шеберлер жылан тіл пышқы, әр түрлі түрпілі егеулер, шапашот, асыл ыңғыру, қайқы пышақ, үскі, майда шарық, түрглі қағаз сияқтыларды қолданады. Бұлармен іс істеу үстінде ең бір шартты талап — асықпау, әрқашан бір қалыпты салмақпен жеңіл ұрғылау және сүйектің бетін үнемі тазартып алып, мұқият қарап отыру. Сүйек ісіне арналған аспаптар әрқашан өткір және асыл металдардан істеледі. Сүйекті шауып өңдеген кезде аздап ыстық су құйып отырса сүйек шытынамайды. Сүйекті түзетіп, тегістейтін құралды «бастырық» немесе «қысқы» деп атайды.

Бұйымды өрнектеп жасау үшін екі беті бірдей егеліп өңделген сүйекті алады да, оның бетіне арналған ою-өрнегін сызады. Бұдан кейін сол сызықтың үстімен арнаулы «безеубас» шапқы, біз, сүргі сияқты аспаптармен ыра жонып оюлайды. Сүйектегі ою-өрнекті кернекті ету үшін ырылған оюларды сіңімді бояумен бояйды. Бояуға мұсатыр, скипидар сияқты сіңімді сұйық заттар қосылады. Өрнектер көлемді заттарға жасалғанда, олар бөлек-бөлек кішкене сүйектерден құрастырылып, жалғастырылып отырады. Сондықтан оны өрнектеуден бұрын құрақтарын қиюластырып, өрнек өрісін сиғызып, мөлшерлеп алады. Өрнектелген сүйекке күміс жапсырып, сәнді тастар орнатып, оларды мың шегелермен ұстатқанда, осы жапсырылып істелген өрнектер сүйек бетіне ырып отырғызылады да, оның үстіңгі беті сүйек бетіне дәл келтіріледі. Шегенің орнын сүйектің шетінен 5—10 миллиметрдей кейінірек тескен жөн. Әйтпесе сүйектің шытынап, сынып кетуі ықтимал. Сүйек тесетін бәрбінің бұрандасы өткір, ұсақ, әрі таяз келеді. Үскілеп отырған жерге әлсін-әлсін ыстық су құйылады. Бәрбіні қатты баспай, тек өз салмағымен немесе алақанмен ғана демейді. Тесіп отырғанда шытынап кеткен ұсақ сынықтарды қара күшала мен иісті жуа араласқан қоспаны езіп, сонымен желімдейді.

Жіліншіктің қыр сүйектерінен әр түрлі өрнектегі қырлы, жұмыр, түзу немесе тармақты заттар, сүмбе, ілуір (киім ілгіш), тұтқа әр түрлі қораптар жасалады. Мәселен, кебеже беттеріндегі сүйек өрнектері қалың тақтайдың бетіне ырып отырып орнатылып, нәзік мықтармен шегелеу арқылы құрастырылады. Мұндай ырулар сұғынды ыру деп аталады. Ондай ырулардың түп жағы кең, беті тарыла келіп, орнатылатын заттар бір шетінен сұғылып қиюласады. Ал әр жерінен беріктік үшін қағылған мық шегелер сүйек бетіндегі өрнектермен үйлесіп жалпы өрнектердің бір элементі сияктанып тұрады. Түйенің немесе жылқының қалың сүйектерін егеп, бейнелі өрнектер жасауға болады [2].

Еліміздің кейбір шеберлері мал мен аңның сүйегін әдемілеп өңдеумен қатар құс пен балықтың да сүйегін өңдеп, одан неше түрлі гүл, түйреуіш, шыбын, жарқырауық қоңыз бейнесін жасап, өте ұсақ әдемі өрнекті суреттер салып жүр. Сондайақ малдың, аңның ірі сүйектерін бұрандалап, топсалап құрастыру әдісімен өте үлкен көлемді мүліктер де жасалады. Ал сүйектен жасалған қобдишалар сәнді таяқ, қамшының сабы, айна қойғыш пен тоғыз құмалақ тақталары т. б. заттарды өте жиі кездестіруге болады.

Сүйектен жасалатын және сүйекпен әшекейленетін заттар: алқа, астау, бәкі сап, белдік, бесік, білезік, домбыра, ер, есік, ине, кесте сап, кереге, қасық, қылыш сап, май салғыш, ожау, ойыншықтар, таяныш, табак, тегене, шам қойғыш, түрлі ыдыстар т.б.

Мақалада ағашты өңдеудің басынан аяғына дейінгі нақты кезеңдермен, оны іске асырудағы құрал-саймандармен, бедер немесе ою өрнек түсіру тәсілдері және сырлау мен бояу жолдарымен таныстық. Салыстырмалы түрде кезеңіне байланысты дәстүрлі технологиялардың артықшылын, әр кезеңнің салттық мәнділігін және қасиетті сапалылығын аңғардық. Қолөнердегі зергерлік өнер секілді ағаш өңдеу толық қамтылған жан-жақты көркемдігі мен сапасы артқан қажеттілігі мол екені байқалады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақ ағаш өнерінің көркем пластикасындағы ұлттық стильдің ерекшелігі, Жанарбек Беріштен, Шаттық Батан, Алматы 2010
2. Қазақтың киіз үйі / Сайын Назарбекұлы. - Астана : Елорда, 2005. - 93 б.



## АВТОХТОНДЫ КУЛЬТТИҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: ШАМАНИЗМ

**Аннотация:** Мақалада жергілікті мекеніміздің автохтонды культінің интерпретациясы шаманизм негізінде көрсетіледі. Ол әртүрлі наным-сенімдердің ықпалында жан-жақты қалыптасып дамыды. Автохтонды культтің интерпретациясына шаманизм, анимизм, фетишизм, тотемизм секілді түсініктер өз ықпалын көрсетті. Қазақтың материалдық және рухани мәдениетінің принциптерін мұра еткен бейнелеу өнері көрерменнің сезімі мен қиялына әсер ететін образдарды автохтонды культ негізінде қалыптастырады.

**Тірек сөздер:** автохтонды культ, шаманизм, этномәдениет, анимизм, бақсы.

Көркем шығармашылық – халықтың мәдениеті мен материалдық дүниетанымының, этникалық көрінісінің маңызды салаларының бірі. Онда ұлттық өзіндік ерекшелігінің мәні, мәдениеті мен өркениетінің тамаша үлгілері ықшам әрі терең бейнеленеді. Адамзат тарихында мүлдем оқшауланған, арғы тегін таза сақтап қалған мәдениеттер сирек кездеседі. Мәдениеттің дамуы, өркендеуі жергілікті халықтың қалыптасу ерекшеліктеріне және салт-дәстүріне байланысты болды. Ал ол автохтонды культқа негізделді.

Автохтонды культ – жергілікті аймақтың халқына тән өнердің даму ерекшелігі. Автохтондылық бұл грек тілінен аударғанда «autochton» - «жергілікті» деген мағынаны білдіреді [1]. Ол белгілі бір аймаққа тән мәдени біртектілікті сақтай алған этномәдениет. Этномәдениет жергілікті халықтың тұрғылықты ландшафтына байланысты бір-бірінен ерекшеленді.

Ландшафтың өзгеруі ұлттық мәдениеттің өзгеруіне әкеліп соғады. Еуразия құрлығын 4 автохтонды этно-мәдени аймаққа бөлуге болады:

1. муссондық Қиыр Шығыс. Бұл өңір мәдениетіне -конфуцийшілік-буддалық өркениет кеңістігі тән. Конфуцийшілік-буддалық өркениет ежелгі Қытайдағы жетекші идеялық ағымдардың бірі. Конфуцийшілдік өркениетке тән басты қасиет – адамды әлеуметтік өмірдің өзекті мәселесі деп қарастыруы. Адам табиғаттан тыс, әлеуметтік мәдени жетістік.

2. құрғақ Ұлы Дала. көшпелілер мәдениетінің аймағы көшпенді мемлекеттерде бастау алған, етек жайған мәдени аймақ. Аталмыш мәдени аймақ біздің өңірге де тиесілі. Қазақ халқының мәдениеті көшпелі және жартылай көшпелі мәдениет негізінде қалыптасқаны тарихтан да белгілі.

3. субтропик Таяу Шығыс - мұсылмандық әлем. Мәдениеттің қалыптасуы мен дамуында дін маңызды фактор. Қазақ даласына мұсылмандық әлем өркениеті мұсылман дінінің келуімен байланыстырылады. Осы кезеңнен бастап өнер басқаша сипат ала бастады.

4. орманды Шығыс Еуропа - батыс христиандық кеңістік. Басты идеологиялық күш шіркеуде болды, шіркеуден бастау алды.

Еуразияның далалық аймағын оның ландшафты мен ауа-райына бейімделген автохтонды этностар: түркілер, моңғолдар, угро-финдер, тибеттіктер, т.б. мекендеген. Тарихи-мәдени процестер барысында әр түрлі мәдениеттердің тоғысуы, олардың сұхбаттық аймағының ұлғаюы өркениеттік даму үшін ыңғайлы болады. Қазақтар Орталық Азияның автохтонды тұрғындары болғанымен, ғасырлар барысында көптеген сыртқы мәдени ықпалдарды да өз бойына сіңірді.

Жергілікті мекеніміздің автохтонды культі әртүрлі наным-сенімдердің

ықпалында жан-жақты қалыптасып дамыды. Оған әрине, шаманизм, анимизм, фетишизм, тотемизм секілді түсініктер өз ықпалын көрсетті.

Ең алдымен, бұл нанымдар діни өмірдің ең консервативті формаларының бірі болып табылатындығын, олар алғашқы қоғамның сенімдеріне тән ежелгі қабаттарды – шаманизм, тотемизм, анимизм, фетишизм, ата-баба культі, инициацияны сақтайтындығын атап өткен жөн.

Қазақ халқындағы жергілікті өнердің дамуына Тәңіршілдік сенімнің басымдық көрсеткендігін байқай аламыз. Тәңірі, Көк бөрі, Көк Тәңір, Ұмай ана секілді күштер мәдениеттің қалыптасуына өз септігін тигізгені анық. Оның көрінісі әрине тасқа қашалған петроглифтерден бастау алады. Осыдан жалғасып діни ритуалдарға ұласты. Бара-бара шаманиздік перформанстар қалыптаса бастады. Бұл қазіргі таңда да өзінің актуалдылығын жойған емес. Жаңа өнермен даму арқылы стилизацияланып, жаңаша көрініс табуда.

Шаманизм, яғни, бақсылық өнер. Бұл алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде қалыптасты. Тас ғасырында бастау алған бұл ағым қазіргі таңға дейін де өзінің танымалдылығын жойған емес. Классикалық бақсы фигурасы қола дәуірінде қалыптасып етек жая бастады. Бақсылар мұсылман діні тарағанға дейін рулар мен тайпалардың әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды роль атқарды. Ислам діні бақсылар шақырған жындардың, шайтандар мен рухтардың бар екендігін жоққа шығармады. Бірақ олармен байланыс орнату бірқатар ауыр күнәлардың қатарына кірді. Кеңес үкіметінің саясаты шаманизмнің дамуына кедергі болды. Кейінірек, ел тәуелсіздік алғаннан кейін оның әлсіз белгілері анда-санда пайда бола бастады. Бүгінде шаманизмнің белгілері дінмен араласып өзгеше бір ағымға айналған секілді.

